сентября 2013 г. в Шардаринском районе (устн. сообщ. Кулемина М.). Хотя, не исключаем, что они могут появляться и позже, поскольку в Южном Прибалхашье их отлавливали 15 октября 1981 г. (Брушко, 1995). Песчаные круглоголовки (*Phrynocephalus interscapularis*) отмечались нами 10 сентября 2012 г. в Восточных Кызылкумах. По данным К.П. Параскива (1956) в Южных Кызылкумах они уходят на зимовку в конце октября – ноябре. До конца сентября в Восточных Кызылкумах на поверхности оставались такие виды, как такырная круглоголовка (*Ph. helioscopus*) и средняя ящурка (*E. intermedia*), наблюдаемые нами 26.09.2015 г. в окрестностях гор Карактау. И возможно, что в особенно теплые дни, эти виды могут появляться из убежищ до середины октября, поскольку в этот период были известны находки такырной круглоголовки в Северном Приаралье в 1974 г., а также в долине р. Или в 1976 и 1981 гг. (Брушко, 1996). Быстрые ящурки (*E. velox*), обладали наиболее длительной активностью. Молодые и взрослые особи часто встречались нам 3-5 октября 2018 г. в районе гор Карактау (Восточные Кызылкумы) и песках Изакудук (правобережье р. Сырдарья). Единичные встречи в Восточных Кызылкумах регистрировались 25 октября 2018 г. (устн. сообщ. Гбина Б.М.). Не исключено, что в теплые дни ящурки могут выходить на поверхность и в начале ноября, т.к. в коллекции Института зоологии хранятся экземпляры, отловленные в районе оз. Сорбулак (Южное Прибалхашье) 1-2 ноября 1978 г. Такую же активность проявляли и линейчатые ящурки (*E. lineolata*), хотя в первой декаде октября нам попадались преимущественно только неполовозрелые особи. Ранее, для Южного Казахстана К.П. Параскив (1956) писал, что линейчатые ящурки ушли на зимовку в последней декаде октября (1951 г.). Степная агама (*Trapelus sanguinolentus*) в окрестностях гор Карактау наблюдалась нами 11 октября 2017 г., и была представлена преимущественно сеголетками из ранних и поздних кладок. По данным Кулемина М. в 2013 году степные агамы оставались активной до конца октября. Среди гекконов наиболее поздно мы отмечали серого геккона (*Cyrtopodion russowii*) – 5-6 октября 2018 г. в останцовых горах Приташкентских Чулей. Активными были большей частью молодые особи, но встречались и взрослые экземпляры. При этом они отмечались днем, на скалах и крупных камнях вблизи с расщелинами.

Весьма интересными являются данные о сезонной активности серого варана (*Varanus griseus*). Ранее отдельные следы и вараны регистрировались в Восточных Кызылкумах 20-21 сентября 1984 и 1988 (Брушко и др., 1990), 25 - 27 сентября 2015 г., и 30 сентября 2012 г. (Чирикова и др., 2015). На восточной окраине Кызылкумов в районе пос. Маякум варан был встречен 2 октября 2004 г. (Жатаканбаев, Ташибаев, 2013). В 2016 г. в Шымкентском зоопарке, в условиях полувольного содержания вараны регистрировались 01 и 12 октября (сообщение Долговой Р.). В 2018 г. свежие следы варана мы отмечали в начале октября: 3-го в окрестностях гор Карактау и 5-го - в окрестностях гор Дарбаза (Приташкентские Чули). В октябре вараны практически уже не уходили от своих нор, прогреваясь в непосредственной близости от них. По данным Кулемина М. варанов отмечали в середине

октября – 11-12 октября 2013 г. и 2017 г. как в Шардаринском, так и Арысском районах Южно-Казахстанской (ныне Туркестанской) области. В окрестностях гор Карактау варана наблюдали даже в начале ноября 2016 г. (сообщение местного жителя). Высокие температуры, которые наблюдаются днем в ряде районов Южного Казахстана, объясняют позднюю активность серого варана. По нашим наблюдениям, в это период активность варанов сильно снижена и только отдельные особи выходят из нор, которые будут использоваться как зимовочные.

Интересными являются находки среднеазиатской черепахи (*Agrionemys horsfieldii*) в осенний период. Известно, что после залегания в летнюю спячку, на поверхность выходят лишь отдельные особи (Богданов, 1960). Нами были отмечены свежие следы и сами черепахи 5 сентября 2012 г. в Восточных Кызылкумах, 3 сентября 2018 г. в подгорной глинистой пустыне южнее хребта Каратау в окрестностях оз. Кызылколь, а также 3 октября 2018 г. обнаружена особь в глинистой пустыне Приташкентских Чулей. Активным оставался в сентябре (19 сентября 2018 г.) и другой вид черепах - болотная черепаха (*Emys orbicularis*), изолированная популяция которой существует вблизи с г. Туркестн. В расположенных западнее популяциях активных черепах добывали во второй половине октября 1982 г. (Сараев, Пестов, 2012).

Змеи, в целом, уходят на зимовку позже ящериц (К.П. Параскива, 1956; Шакула, www.wildnature-kz.narod.ru). 10 сентября 2013 г. в Шардаринском районе отмечалась степная гадюка (*Vipera renardi*) (устн. сообщ. Кулемина М.). Стрела-змея (*Psammodphis lineolatus*) активна практически весь октябрь. Ее наблюдали 4-5 октября в окрестностях пос. Тайконур в Сузакском районе (устн. сообщ. Даулетова А.З.) и в песках Изакудук (наши данные). В окрестностях гор Карактау ее наблюдали 25 октября 2018 г. (устн. сообщ. Губина Б.М.). Активным оставался и щитомордник (*Gloydius halys*), которого наблюдали 11 октября 2018 в окрестностях пос. Тайконыр (устн. сообщ. Даулетова А.З.). В октябре (4 октября 1989 г. и 2 октября 1992 г.) щитомордника наблюдали в Талдыбулаке (Заповедник Аксу-Жабаглы) (Колбинцев, 2006). Самая поздняя находка щитомордника относится к 30 октября 1981 г. в хребте Малый Каратау, ущ. Беркара (колл. Колбинцев В.Г., колл. Института зоологии).

Осенние выезды 2018 г. стали возможны при поддержке фонда Михаеля Зуккова (Michael Succow Foundation). Благодарим Губина Б.М., Даулетова А.З., Кулемина М. за сведения о находках пресмыкающихся.

Список используемой литературы:

1. Брушко З. К., Скляренко С. Л., Матвеева Т. Н. Серый варан// Редкие животные пустынь. – Алма-Ата, 1990. – С. 208- 217.
2. Брушко З.К. Ящерицы пустынь Казахстана. Алматы: Конжык, 1995. 232 с.
3. Колбинцев В.Г. Земноводные и пресмыкающиеся заповедника Аксу–Джабаглы и особенности их экологии//Selevinia. 2006. С. 160–172.

4. Сараев Ф.А., Пестов М.В. К кадастру рептилий Северного и Северо-Восточного Прикаспия//Герпетологические исследования в Казахстане и сопредельных странах: Сборник научных статей. Алматы, 2010. С. 174–193
5. Шакула Г.В. Амфибии и рептилии заповедника Аксу-Жабаглы и сопредельных территорий (Хребет Таласский Алатау, Западный Тянь-Шань)//<http://www.wildnature-kz.narod.ru/Amphibia.htm>
6. «Расписание Погоды», 2004-2018// <http://rp5.kz/>

МАҚТА ДАҚЫЛЫНЫҢ ЗИЯНКЕСТЕРІМЕН БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН КҮРЕСУ

Шукенов Алиби, Есимов Б.К., Насир Кашира

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Түйіндеме

Бұл мақалада мақтаны зиянкестерінен қорғау технологиясының негізінде химиялық әдіспен қатар экология жағынан таза табиғи алдыңғы қатарлы әдістердің бірі биологиялық жолмен экономикалық жағынан арзан болып келетін өсімдікті қорғау туралы мағлұматтар келтірілген. Бұл негізінен зиянкестер жаппай таралып кетпей тұрғанда қарсы қолданатын әдіс болып саналады. Бұның негізінде ауыл-шаруашылық санын көбейтпей олардың егістікке елеулі зиян келтірмейтіндей мөлшерде азайту үшін тірі организмдерді пайдалану болып табылады. Бұның негізгі принципі пайдалы жәндіктерді қолдан өсіріп көбейтіп оларды мәдени дақылдардың оның ішінде мақта егістігіне жіберу болып табылады.

Резюме

В статье приведены данные по защите растений хлопчатника. В от вредителей биологическим методом борьбы. Биологический метод применяется до размножения вредителей на посевах культурных растений хлопчатника.

Resume

To the article data are driven on founding technological process on defence of plants of cotton plant. In it process the biological method of fight is included by the wreckers of plants. A biological method is used to reproductions of wreckers on sowing of cultural plants. In principle here useful living organisms in laboratory terms propagates and produce them on sowing of cotton plant.

Кілт сөздер: экспорт, зиянкестер, центнер, насеком, личинка, трихограмма, элемент.

Оңтүстік Қазақстан – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру жөнінен республикадағы ең ірі өңірдің бірі болып табылады. Мұнда мақта өсіруші

шаруашылықтар табысының негізгі көзі болып табылатын мақта егістері шоғырланған. Сонымен қатар мақта талшығы еліміздің еліміздің маңызды экспорттық тауары. Дегенменде соңғы жылдары мақта талшығына деген сұраныс біршама бәсеңдеп отыр. Осыған байланысты шаруаларымызға мақтадан алынатын таза пайданы молайтуға оның бағасынан емес, тек өнімділігін жоғарылату арқылы қол жеткізуге тура келеді.

Мақтаны қорғау технологиясының негізгілеріне өндіріске ауруларға, зиянкестерге шыдамды сорттарды егу, мақталық – жоңышкалық ауыспалы егіс тізбегін ендіру, өсімдіктерді зиянкестер мен аурулардан, арамшөптерден қорғаудың озық әдістерін қолдану жатады.

Мақта зиянкестер мен аурулардан қатты зардап шегетін өсімдіктер қатарына жатады. Оны бірқатар жәндіктер мен өрмекшілер залалдайды, оларға қарсы күрес өз уақытында жүргізілмесе жоғарыда айтқанымыздай өнімнің көп бөлігін жоғалтып алуымыз мүмкін.


Мақта өсімдігін (қозаны) әртүрлі көптеген организдер-шыбын-шіркейлер, кене, тағы басқа омыртқасыз жәндіктер, сондай ақ ұсақ микроорганиздер- уақ саңырауқұлақтар мен бактериялар қорек етеді.

Қозаның басты зиянкестері - өрмекші кене, бақша, акация, мақтаның биттері, темекі бітесі, мақта көбелегі, күздік көбелек және т.б. болып табылады. Әр жылдары бұлардың әр түрі көбейіп кетеді. Мысалы, 1998-2003 жылдары мақта көбелегінің құрттары күрт көбейіп, бірқатар шаруа қожалықтарында көсектердің зақымдануынан мақтаның түсімі гектарына 4-6 центнерге дейін, Мақтаарал ауданы бойынша 14,1 центнерге дейін кемісе, ал 2010-2012 жылдары мақта битінен бөлініп шыққан шіреден, мақтаның көптеп ластануы, соның нәтижесінде мақта шикізатының сапасының төмендеуі байқалды.

Қоза көктеп шыққанан толық пісіп жетілгенге дейін, бүкіл өсіп даму кезеңі бойынша әртүрлі зиянкестерден зақым көре береді. Өсімдік дамуының алғашқы кезеңінде ақ, яғни өне бастаған тұқымы мен бүр жарған өскінін күздік көбелек зақымдап үлгереді. Зиянкестер ауыз аппаратының құрылымына қарай өсімдіктің сөлін сору арқылы (сорушылар) немесе жапырағын, тіні мен бұтақшаларын, көсек салушы органдарын кеміріп (кемірушілер) қоректенеді.

Өрмекші кене — бунақ аяқты, уақ жәндік. Ересек ұрғашысының ұзындығы - 0,3-0,6 мм, еркегінің ұзындығы - 0,2-0,3 мм. Ұрғашысының денесі жұмыртқа пішіндес, ал еркегі сына секілді болып келеді. Жазда сарғыш-жасыл, күзге салым — қызғылт сары-қызыл, қысқа қарай - қызыл-қоңыр түске енеді. Бүйірінде екі қара қоңыр дағы бар. Ересек кенелердің 4 жұп аяғы, дернәсілдің (личинка) 3 жұп аяғы болады (1-сурет).

Өрмекші кене қоза жапырағының астыңғы бетінде тіршілік етеді. Аузының қылшықтарын жапыраққа қадап, оның сөлін хлорофилл дәндерімен қоса сорып алады. Жапырақтың зақымданған жерлері бірнеше күннен кейін астынан қоңырланып, үстінен қызарып шыға келеді. Сөлі сорылған өсімдіктің өсуі кешігеді, жапырақтары, түйіншелері мен көсектері түседі, ал қауашақтары қаудырап, жеңілдеп қалады.



1-сурет - Өрмекші кенесі

Кене мамыр-маусым айларында зақымдаса, қозаның өнімі 50-60 пайызға, шілдеде зақымдаса — 25-40 пайызға, тамызда зақымдаса — 5-10 пайызға кемиді. Қатты зақым шеккен бұталар мүлде өнім бермейді.

Өрмекші кене өте тез өсіп-өніп көбейеді. Ұрғашысы өз өмірінде, жағдай қолайлы болса, 100-140 жұмыртқа салады, кейде мұнан да көбейтеді. 2-3 күннен кейін жұмыртқадан алты аяқты қуыршақ-кене шығады. Ұзындығы 0,1 мм келетін

бұл қуыршақтар 1-2 күннен кейін-ақ жетіліп қалады. Осыдан соң қуатына еніп, ересек кенелер секілді 4 жұп аяқты жәндікке айналады, олардан айырмасы — тұрқының қысқалығы ғана. Енді 3-5 күннің ішінде олар толық ересек кенеге айналады, ал ұрғашылары жұмыртқа салуға кіріседі.

Өрмекші кененің бір ұрпағының жазда өсіп-жетілуінің жалпы ұзақтығы 8-12 күнге, ал көктем мен күзде 15-20 күнге созылады. Бір маусымда кене облыстың оңтүстік аймағында 18-20 рет, ұрпақ өрбітеді. Бір ұрғашы кененің өзі маусымның аяғына дейін үш жүз миллиард ұрпақ шашып үлгеруі мүмкін.

Ұрықтанған ересек ұрғашы кенелер күзде өздері өсіп-өнген алқаптарда топырақтың үстіңгі қабатында, көсектердің, өсімдік қалдықтарының, тұт ағаштарының қуыстары мен жарықтарында, жапырақ шірінділерінің астында қыстан шығады. Олар аязға өте төзімді келеді. Ылғалды жерлерде, тіпті 25° суықтың өзінде ұрғашы кенелердің жартысына дейіні аман қалады. Олар аяздың температурасы 29-30° градусқа жеткенде және одан асқанда ғана қырылады. Ерте көктемде, күн 5-10°-қа жылысымен кенелер қыстаған жерінен шығып, қоза егістіктерінің төңірегіндегі арамшөптерге ауысады да, сонда жаппай көбейеді. Содан соң жол бойы мен аралықтардан мақға егістігіне ауысады.

Кене ауа ағыстарымен, желмен, құлаған жапырақтарды алып кететін арық-атыздардағы сумен таралады. Қоза атыздарының төңірегіндегі тұт ағаштарын қырыққан, бұтаған адамдардың өздері де олардың таралуына себеп болады.

Алқаптың кенемен зақымдануы алғашқыда ошақтық сипатта болады – қозалықтың әр жерінде жеке-жеке зақымданған өсімдіктер пайда болады. Мұндай ошақтар зақымдаушы көзге жақын жатқан алқаптың шет-шетінде жиірек кездеседі. Жағдай қолайлы болса, мұндай ошақтар тез жайылады да, өзара қосыла келе бүкіл алқапты жайлап алады. Суық түсуі және жауын-шашын зақымдануды тежей тұрғанымен, оны тоқтата алмайды. Кенені жоюға бірқатар пайдалы жәндіктер, құрт-құмырсқалар (насекомдар) қатысады. Олар — стеторус қоңызы, кенемен қоректенетін

трипс (біте), жыртқыш бүрге және жарқырауық зерқоңыз. Бұл жыртқыш насекомдардың қомағайлығы сансыз кенені қырып-жоюға себеп болады. Мысалы кенемен қоректенетін трипс тәулігіне кененің 50 жұмыртқасы мен личинкасын, ал жарқырауық қоңыздың ересек личинкалары 800-ге дейін жеп тауысады. Жыртқыш насекомдар да мақталық кене мекендері алғаш пайда болысымен шыға бастайды да, соларды қорек етудің арқасында тез көбейеді.

Өсімдікті арамшөптерден және зиянкестерінен ауруларынан қорғаудың экологиялық жағынан таза табиғи және алдыңғы қатарлы әдістерінің бірі биологиялық жолмен мәдени дақылдарды қорғау болып саналады. Ауыл шаруашылығы зиянкестеріне қарсы күресте химиялық әдіспен және қозалық алқапты алдын-ала өндеуде мақташылар мұнымен қатар неғұрлым арзан, қолы жетімді әрі экологиялық жағынан қауіпсіз биологиялық күрес әдісін де қолданып келеді. Зиянкестерге қарсы күрестің бұл әдісі ерте бастан, олар жаппай таралып кетпей тұрғанда қолданылады.

Өсімдіктерді қорғаудың биологиялық әдісі дегеніміз - ауыл шаруашылық зиянкестерінің санын көбейтпеу және олардың санын шаруашылықтың егістігіне елеулі зиян келтірмейтіндей мөлшерде азайту үшін тірі организмдерді пайдалану болып табылады.

Бұл әдістің мәнісі - ауылшаруашылық дақылдарының зиянкестері мен олардың паразиттерінің, жыртқыш жәндіктердің арасында қалыптасқан бітіспес қарама-қайшылығын мақсатты түрде пайдалану.

Биологиялық әдісі дегеніміз — пайдалы жәндіктерді қолдан өсіру арқылы көбейтіп, оларды табиғат аясына — мақта егістігіне жіберу.

Оңтүстік Қазақстан облысында мақта егістігіндегі ауыл шаруашылығы зиянкестеріне қарсы күресте трихограмма және габрабраконды пайдалану неғұрлым кеңінен тарап отыр. Трихограмма кеміруші және жер үстінде тіршілік ететін көбелек-құрттардың жұмыртқаларына қарсы қолданылады. Тұрқының ұзындығы 0,3-0,4 мм. 5-9 мұрт қылшасы жеке орналасқан, қанаттарының жіп-талшықтары жеңіл. Еркектері көбінесе қанатсыз немесе қанаты жетілмеген болып келеді.

Трихограмма зиянкестің 200-ден астам түрінің жұмыртқасын бүлдіреді. Мұндай паразиттікпен тек личинкалары айналысады. Ересектері гүл шырынымен қоректенеді. Ұрғашылары жұмыртқаларын басқа жәндіктің жаңа қалдырған жұмыртқасының ішіне салады. Трихограмманың жұмыртқадан шыққан личинкасы бірден мақта көбелегінің, тағы басқа зиянкес жәндіктердің жұмыртқасымен қоректеніп, соның ішінде өсіп-жетіледі. Мақта көбелегінің зақымданған жұмыртқасы қарайып кетеді, кейде қаракөк түске енеді.

Трихограмма басқа жәндік (мақта көбелегі) жұмыртқасының ішінде қуыршаққа айналады. Осы қуыршақтан шыққан ересек трихограммалар жұмыртқаны кеміріп теседі де, жарыққа шығады. Ұрғашы трихограммалар жыныстық жағынан жетіліп шығады да, бірден еркектерімен шағылысып, жұмыртқа салуға кіріседі. Трихограмманың өсіп-жетілуінің ұзақтығы ауаның температурасы мен ылғалдылығына байланысты, 7 күннен 35 күнге дейін созылады. Ересектері 3-18 күн аралығында өмір сүреді. Осы уақыт ішінде бір ұрғашысы 25-тен 92-ге дейін жұмыртқа салады. Мұның көпшілігін өмірінің алғашқы күндерінде табады. Табиғи жағдайда трихограмма 14-15 ұрпақ береді. Личинка және қуыршақ кезінде басқа жәндіктің жұмыртқасы ішінде қыстап шығады. Мақта егістігіндегі кеміруші көбелектердің тұқымдарымен күресу үшін ересек трихограмманы әр гектар алқапқа, алқаптағы зиянкестің санына байланысты, 200 мыңға дейін әрбір ұрпағының жұмыртқаларына қарсы үш рет көбейтіп шығару ұсынылады. Трихограмманы өсіріп шығаруды зиянкес көбелектің жұмыртқа салуының алғашқы кезеңіне тұстас келтірген, ал егістікке күн қыза қоймаған таңертеңгі немесе кешкі мезгілде жіберген дұрыс. Олар егістікке біркелкі тарау үшін 1 гектарға кемінде 100 жерден, яғни әр 10 метрден кейін жіберіледі.

Трихограмманы биологиялық лабораторияларда, қамба зиянкесі — астық күйесінің жұмыртқасында көбейтеді.

Мақта көбелегінің санын азайтуда габрабракон едәуір роль атқарады. Бұған қоса ол карадрина, жүгері көбелегі, құлқайыр күйесі сияқты зиянкес жәндіктердің жұлдызқұрттарының денесіне өз жұмыртқаларын салады. Аз уақыттан кейін залалданған жұлдызқұрттың денесінен жас бракондар шығады. (2-сурет)



(2-сурет). Габрабраконнан залалданған мақта көбелегінің жұлдызқұрты

Габрабраконның тұрқының ұзындығы 2-5 мм. Аяқтары түзу, қарны сабақты болып келеді. Ұрықтанған ұрғашы габрабракондар оралып қалған жапырақтарда, ағаш қабығының астында, т.с.с. қуыстарда қыстайды. Жұлдыз құрттың денесіне жұмыртқасын саларда оны өлтіріп тастайды. Бір ұрпағының дамуы жазда 9-11 күнге, көктем мен күзде 12-16 күнге созылады.

Мақта егістігінде пайда келтіретін жәндіктерге бұларға қоса жарқырауық зердеқоңыздар, қанқызыл қоңыздар, кенеқоректі трипс т.б. жатады.

Мақта көбелегінің көбейуін бақылау мақсатында феромон тұтқыштарды кеңінен пайдалануға болады. Мұнда, егер ұрпақ дамуының басында әр бір тұтқышқа бір тәулікте 3-4 көбелек түссе, трихограмма жіберу үшін белгі болып саналады. Тұтқыштарға бір тәулікте 15-тен көп көбелек түссе және бұл жағдай 3-4 күнге созылса, осы алқап бірінші кезекте бақылауға алынып, керек болған жағдайда басқа жою амалдары орындалады, өйткені көбелектердің мұндай көлемде ұшуы егістікте көптеп тұқым және кіші жастағы құрттар пайда болып жатқандығынан хабар береді.

Қозаның өнімдік элементтерін сақтап қалу - мақташылардың аса маңызды міндеттерінің бірі. Өйткені, агротехникалық тұрғыдан күтіп-баптауы төмен, қозаның салған өнімдік элементтері, түрлі зиянкес жәндіктер мен аурулардың зардабынан ысырапқа ұшырайды.

Осы жерде сөз болған агротехникалық, биологиялық, химиялық әдістермен оларға қарсы жүргізілетін күрес шаралары мен олардың алдын ала сақтандыру әрекеттері шаруа қожалықтары үшін мақта шаруашылығы практикасындағы аса пайдалы көмек құралы бола алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Спридонов Ю.Я Проблема засоренности посевов и борьба с ней в условиях современного состояние сельского хозяйства //Агрохимия.- 1996. -№ 10. - С.75-83.

2.Гулидов А.М. Для борьбы с засоренностью посевов - система мероприятий //Защита растений.- 1986. -№ 4. – С. 40-41.

3.Закордаев А.С. Комплексная система борьбы с сорняками на посевах хлопчатника.-М.:«Колос», 1998. – 105 с.

4.Фетваджиева Н., Колев И. Некоторые биологические особенности свинороя и меры борьбы с ним // Тр. НИИ. Дмитров.-1965.- Вып. 16. – С. 41.

5.Сыдық Д.А., Жарасов Ш.У., Костаков А. Рекомендации по применению гербицидов на посевах сельскохозяйственных культур в условиях Южного Казахстана. -Алматы: Бастау, 2008. – С. 22-23.

6.Умбетаев И., Бигараев О., Костаков А. Рекомендации по борьбе с сорняками на посевах хлопчатника в условиях староорошаемой зоны Южно-Казахстанской области. –Атакент, 2008. – С. 3-15.

7. Mr. V. A. Gulhane & Dr. A. A. Gurjar, Detection of Diseases on Cotton Leaves and Its Possible. Diagnosis//Department of Electronics and Telecommunication S.G.V. Amravati University. 2002.-С. 152-154.

ІЛЕ АЛАТАУЫНДАҒЫ ОМЫРТҚАЛЫЛАРДЫҢ САРКОСПОРИДИЛЕРІ

Д.У.Сексенова - PhD докторант, Б.К.Есимов - к.б.н., доцент

Саркоспоридиялар - *Sarcocystis* туысына Sporozoa класына жататын карапайымдылардың паразиттік түрі, табиғатта кең таралған. Сүтқоректілердің көптеген түрлерінде, соның ішінде адам, құстар мен бауырымен жорғалаушылардан әлемнің әртүрлі елдерінен табылған. Ауылшаруашылығы жануарларының саркоспоридиямен залалдануы 80 пайызға жетуі мүмкін [1]. Қазақстанда жабайы сүтқоректілер орта есеппен 13,9 пайыз, қойлар – 35 пайыз залалданған [2,3,4].

Саркоцисталарды жұқтыру отарлық тіршілік ететін жануарларда басым (байбақ суырында - 41%, кекликтерде – 2-5,7%) болып келеді. Жабайы жануарлардың саркоспоридиялары ауылшаруашылығы жануарларымен салыстырғанда аз зерттелген. Ауылшаруашылығы жануарлары үшін зиянды жағын ескере отырып, олардың жабайы жануарлардың санын реттеуде маңызды рөл атқаратынын болжауға болады..

Саркоспоридиялар жасушаішілік циста түзуші кокцидиялар болып табылады, жыртқыш - құрбандық принципі бойынша екі иесінің ағзасында өтетін облигатты гетероксенді тіршілік циклі бар. Жыныстық процесі мен спорогония, әдетте соңғы иесі - жыртқыш жануардың ағзасында жүзеге асырылады, ооцисталар нәжіспен бірге сыртқы ортаға бөлінеді. Аралық иесінің ағзасына түскенде бірден оларды залалдандыруға қабілетті болып келеді. Жыныссыз көбею негізінен жыртқыш емес жануардың (аралық иесінің) ағзасында болады, оның нәтижесінде негізінен мерозоит-гамонтпен толтырылған бұлшық ет цисталары қалыптасады.

Әдебиеттерде омыртқалылардың саркоспоридиялары туралы деректер өте аз. В.Н.Калякин және Д.Н.Засухин [5] кеміргіштердің 28 түрінің саркоспоридиясы туралы айтты. Олардың 19-ы *Sarcocystis* sp, 6-уы *Sarcocystis muris*, 3-уі *Sarcocystis tenella* (жарық микроскопы астындағы мерозоиттардың ұқсастығын зерттеу барысында) ретінде сипатталған. Қоянтәрізділер мен насекомқоректілерде саркоспорицидилердің жеке түрлері де белгілі болды.

Ұсақ сүтқоректілердің саркоспорицидилерінің аз зерттелгенін және олардың номенклатурасындағы түсініксіздікті ескере отырып, біз залалданған жануарларды және тәжірибелік жағдайларда табылған саркоспоридиялардың соңғы иесін іздестіре бастадық.

Зерттеудің мақсаты сүтқоректілердің кейбір түрлерінде саркоспорицидилердің таралуын анықтау, олардың морфологиясы мен тіршілік циклдерін зерттеу болып табылды. Аталған мақсатты жету үшін біз Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы шөлейт және шөлді аймақтарында 4223 кеміргіштің 31 түрінен саркоцистамен залалдануы зерттелді. *Sarcocystis*-тің 19 түріне жататын 592 дарағы табылды, оның ішінде 15-і алғаш рет табылған түр болып табылады (кесте 1).

П.М.Козелкина бойынша нативті және боялған препараттардан [6] паразиттер 3926 зерттелген жануарлардың 302-інен табылды. Гистологиялық зерттеуде 965 аңнан қосымша 273 саркоцисталар табылды. Гистологиялық

әдіс саркоспоридияларды толық анықтайды, әсіресе жас жануарларды зерттеуде, бұлшық еттерінде нативті препараттарда және П.М.Козелкина әдісімен көбінесе жетілмеген саркоцисталарды табады. Сонымен қатар микроцисталарды әдетте нативті препараттардан таба алмайды. Үлкен қосаяқтарда, су сүртоқалтисі, иттер мен басқа да жануарларда микроцисталар тек гистологиялық әдіспен анықталған.

Кеміргіштердің бірқатар түрлерінде салыстырмалы түрде Sarcocystis-термен жоғары залалдануы байқалады: 1039 сұр суырдан 41,3% саркоцисталар, 51 алақоржыннан – 33,4%, 53 үй тышқандарынан - 15% табылды. 576 ондатрларды зерттеу деректері қызығушылық танытты, олардан бірде-бір саркоцисталарды табу мүмкін болмады. Сондай-ақ, тәжірибе жұмыстарын жүргізу алдында жеткізілген питомниктерді (238 ақ тышқандардан) зерттеу кезінде де табылған жоқ.

Үш түрге жататын 213 қоянтәріздес жануарлар зерттелді, саркоцисталардың екі түрі 31 жануардан табылды. Алтай шақылдағынан Sarcocystis-тің екі түрі анықталды, олардың бірінде ағзада ерекше окшаулануы байқалды. Наскомқоректілерден екі түрге жататын 32 дарағы зерттелген, олардан саркоцисталар табылған жоқ.

Жалпы зерттелген материалдар бірдей болмады. Бір түрлерінде мыңнан астам дарақтар зерттелген (зорман, сұр суырлар) және олардан табылған саркоспоридиялардың даму циклдары анықталды, басқа иелерінде тек қана саркоцисталарды табу мүмкін болды. Бірқатар түрлерде жеке дарақтар зерттелген. Микроскоппен бұлшық еттердің әртүрлі топтарының жаншылған бөліктері, сондай-ақ П.М.Козелкина әдісі бойынша дайындалған боялған препараттарды қарады [2]. Гистологиялық әдіспен негізінен жоғарыда көрсетілген әдістермен саркоцисталары табылмаған жануарларды зерттеді

Табылған саркоспоридиялар туралы толық мәліметтер мен әдеби деректер түрлік очерктерде берілген.

Кесте 1. Кемірушілердің, қоянтәрізділердің, насекомқоректілердің залалдануы

Жануардың түрі	Зерттелді	Залалданған		Оның ішінде әдістермен зерттелгендер			
		абс	%	нативті және боялған препараттар	жұқтырғандар анықталды	гистологиялық кесінділер	жұқтырғандар анықталды
1	2	3	4	5	6	7	8
Құлақты кірпі (Erinaceus auritus)	5	-	-	5	-	5	-
Кәдімгі жертесер (Sorex araneus)	27	-	-	27	-	21	-
Барлық насекомқоректіл	32	-	-	32		26	-

ерден анықталғаны							
Құмқоян (<i>Lepus tolai</i>)	1	-	-	1	-	1	-
Монғол шақылдағы (<i>Ochotona pallasi</i>)	42	6	14, 2	42	3	11	3
Алтай шақылдағы (<i>Ochotona alpina</i>)	170	25	14, 7	170	25	24	8
Барлық коянтәрізділерде анықталғаны	213	31	14, 5	213	28	36	11
Боршатышқан (<i>Eutamias sibiricus</i>)	1	1	-	-	-	1	1
Дала суыры (<i>Marmota bobac</i>)	224	7	3,1	224	4	20	3
Сұр суыр (<i>Marmota baibacina</i>)	1039	429	41, 3	1039	185	439	224
Ұхынқұйрықты суыр (<i>Marmota caudata</i>)	80	5	6,2	80	5	-	-
Кіші саршұнақ <i>Spermophilus pygmaeus</i>)	1	-	-	1	-	-	-
Зорман (<i>Spermophilus fulvus</i>)	1285	76	5,8	1285	71	183	5
Қызылұрт саршұнақ (<i>Spermophilus erythrognus</i>)	24	4	12, 5	24	1	24	3
Бессауақты ұзынқұлақ үлкен қосаяқ (<i>Allactaga major</i>)	5	2	-	5	-	5	2
Бессауақты ұзынқұлақ секіргіш қосаяқ (<i>Allactaga sibirica</i>)	18	-	-	18	-	9	-
Бессауақты	46	-	-	46	-	46	-

Ұзынқұлақ кіші қосаяқ (<i>Allactaga elater</i>)							
Жұнтабанды қосаяқ (<i>Dipus sagitta</i>)	37	1	2,7	37	-	37	1
Виноградов қосаяғы (<i>Pygerethmus vinogradovi</i>)	8	-	-	8	-	8	-
Үй тышқаны (<i>Mus musculus</i>)	53	8	15,0	53	6	4	2
Ақ тышқан (<i>Mus musculus var. alba</i>)	238	-	-	238	-	-	-
Орман қаптесері (<i>Apodemus sylvaticus</i>)	63	4	3,3	59	2	25	2
Сұр атжалманы (<i>Cricetulus migratorius</i>)	9	-	-	9	-	4	-
Атжалман (<i>Cricetus cricetus</i>)	51	17	33,3	51	17	2	-
Эверсман атжалманы (<i>Allocricetulus evermanni</i>)	2	-	-	2	-	2	-
Жыңғыл құмтышқаны (<i>Meriones tamariscinus</i>)	55	3	5,4	55	2	20	1
Кіші құмтышқан (<i>Meriones meridianus</i>)	90	3	3,3	90	-	64	3
Қызылқұйрық құмтышқан (<i>Meriones libycus</i>)	37	4	10,8	37	4	-	-
Үлкен құмтышқан (<i>Rhombomys opimus</i>)	167	14	3,1	167	14	7	-
Ондатра (<i>Ondatra zibethicus</i>)	576	-	-	576	-	1	-
Жирен ормантоқалтісі	45	6	13,3	45	2	26	4

(Clethrionomys rutilus)							
Алтай тоқалтісі (Alticola altaica)	6	-	-	6	-	-	-
Дала тоқалтісі (Lagurus lagurus)	2	-	-	2	-	2	-
Су егеуқұйрығы (Arvicola terrestris)	4	-	-	4	-	-	-
Жадыбасты сұртоқалтіс (Microtus gregalis)	24	4	16, 6	24	3	3	1
Кәдімгі сұртоқалтіс (Microtus arvalis)	14	2	-	14	-	14	2
Су сұртоқалтісі (Microtus oeconomus)	14	1	7,1	14	-	7	1
Бұраубас (Myospalax myospalax)	5	1	-	5	1	-	-
Барлық кемірушілерден анықталғаны	4223	592	-	4213	317	974	255
Барлық ұсақ омыртқалылардан анықталғаны	4468	623	-	4458	345	1036	266

Зорманнан, үй тышқанынан, кекліктен саркоцисталардың дамуы мен морфологиясын зерттеу және әдеби деректерге талдау жасау барысында соңғы иесінің таксономиялық тиістілігіне байланысты саркоцисталардың кейбір морфологиялық белгілері күрт өзгеретінін көрсетті. Егер саркоцисталардың соңғы иесі жыртқыш сүтқоректілер болса, онда аралық иесінің бұлшық етіндегі саркоцистаның қабырғасы көлденең сызылған жуан және мерозоиттары ірі болады, ал егер де соңғы иесі жыртқыш құстар болса, онда мерозоиттар, әдетте ұсақ және саркоцистаның қабырғалары жұқа болады. Мұның эксперимент қою кезінде және саркоспоридиялардың соңғы иесін таңдау кезінде практикалық маңызы бар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Левченко Н.Г. Поражение саркоспоридиями рода *Sarcocystis* сельскохозяйственных животных юго-востока Казахстана. – Тр.Ин-та зоол. АН КазССР, 1962а, т.19.С.56-62

2. Скугарев В.Н. Распространение саркоспориоза животных (на примере хозяйств Киевской области) и физические методы воздействия на возбудителя инвазии. Автореф. дисс. канд. вет. наук. Ставрополь. 1982.

3. Федосеенко В.М., Романова В.А. Паразитирование цист *Sarcocystis* spp. в мышечной ткани промежуточного хозяина–белой песчанки. – В кн.: Паразиты- компоненты водных и наземных биоценозов Казахстана. Алма-Ата. 1981. С.180-185.

4. Пак С.М.,ПерминоваВ.В.,Ештокина Н.В.*Sarcocystis citellivulpessp.n.* из желтых сусликов – В кн.: Токсоплазмиды: Протозоология.Л.,1989 вып.4 С.11-114.

5. Калякин В.Н.,Засухин Д.Н. Систематическое положение токсоплазмид, гемоспоридий и пироплазмид.- В кн.: Междкнародн. Конгресс протозоологов. Клермонт. 1993г.

6. Козелкин П.М. Спорозоиты(саркоспоридии) в мышце сердца крупного рогатого скота в связи с *myocarditis* – Вет. Дело.1928.№8. С.32-34.

ОҢТҮСТІК–ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГРОЛАНДШАФТАРЫНДАҒЫ ЫЗЫЛДАҚ ҚОҢЫЗДАРДЫҢ (COLEOPTERA, CARABIDAE) ЗЕРТТЕЛУІНЕ ШОЛУ

Саимова Р. У. - *аға оқытушы*

Есимов Б.Қ.- *б.ғ.к.,доцент*

Абай атындағы ҚазҰПУ, Биология кафедрасы

Алматы облысының аумағы солтүстігінде Балқаш көлі арқылы Сарыарқаның оңтүстік сілемдерімен (Шолақ, Қызылтатар, Қаракеңгір, т.б.), солтүстік - шығысында Тарбағатай жотасы және Барлық Майлы тауларымен (Алакөл қазаншұңқырымен бөлінген), шығысында Жетісу (Жоңғар) қақпасы, Борохоро, Боротола жоталары арқылы Қытаймен, оңтүстік-шығысында солтүстік Тянь-Шанның Кетпен (Ұзынқара) жотасымен және Күнгей Алатауымен, оңтүстігінде Іле, Теріскей Алатауларымен және оңтүстік-батысында Шу - Іле тауларының Жетіжол және Кіндіктас тауларымен, батысында Жусандала үстірті арқылы Шу - Іле тауының Айтау, т.б. аласа таулар мен тауаралық аңғарлар шектеседі. Солтүстік-батысында Балқаш көлі арқылы Бетпақдаланың қиыршықтасты шөлді-шөлейтті өңіріне ұласады.

Тарихи деректемелер мен зерттеулерде Жетісу атын құрайтын 7 өзен туралы түрлі пікірлер бар. А.Гейнс бұлардың қатарына Лепсі, Басқан, Сарқан, Ақсу, Бүйен, Қаратал және Көксу өзендерін жатқыса, А.Влангали Басқан, Сарқан, өзендерінің оңтүстік-шығыстағы Іле өзендерін жатқызады. В.Бартольдтың айтуынша, алғашқыда жергілікті халық Жетісу деп Іледен солтүстікке қарай созылған аймақты атаған, оған Лепсі, Басқан, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш, Қаратал, Көксу өзендері енген.

Ал, XIX ғасырда «Жетісу Іленің оңтүстігіне қарай созылған таулы аймақ» деген ұғым қалыптасып, оған Тянь-Шаньның солтүстік-батыс және орталық аудандары да қосылатын болған. Тарихи әдебиеттерде Жетісу ұғымына Шу алқабы мен Нарын өзендерінің жоғарғы ағысын қамтитын атырап та кірген. Археологтар, тарихшылар мен географ мамандар Жетісуды Солтүстік -шығыс Жетісу (солтүстікте Балқаштан Кетпен және оңтүстікте Іле Алатауы жоталарына дейін, солтүстік-шығыста Алакөлден оңтүстік-батыста Шу - Іле су айрығына дейінгі жерлер) және оңтүстік-батыс Жетісу (Шу және Талас алқабы) деп екіге бөледі.

Жетісудың кең аумағы (солтүстіктен оңтүстікке дейін 900 км, ал батыстан шығысқа дейін 800 км) және тауларының биіктіктері әртүрлі болуы, оның климаты мен ландшафттарының да түрліше қалыптасуына ықпал етті. Бұл өлкеде егін шаруашылығы ертеден-ақ оазистік (шұраттық) сипат алып, қолдан суаруды қажет еткен. Жайылымдық мал шаруашылығы кең өріс алған. Жетісудың оңтүстік-шығыс бөлігінде тау бөктерлерінің (600 - 1200 м биіктікте) ауа райы ылғалды, қоңыр салқын және ауыспалы, топырағы құнарлы. Онда суармалы егіншілікке пайдаланылатын көптеген тау өзендері бар. 200 м-ге дейінгі биіктікте жапырақты ағаштар, ал одан жоғарыда шырша ормандары өседі. Бұл өңір мал жайылымына қажетті көкорай шалғындарға да бай.

«Жер жәннаты» –Жетісу өлкесінің географиялық нысандары мен табиғи байлығын ғылыми тұрғыдан зерделеп, жүйелі түрде сипаттама беру үрдісінде қазақтан шыққан тұңғыш ғалым Ш.Уәлихановтың еңбегі ерекше.

Зерттеу нысаны ретінде оңтүстік–шығыс Қазақстанның агроландшафтарындағы Жетісу өлкесіндегі ызылдақ қоңыздардың (Coleoptera, Carabidae) тіршілік циклдары алынды. Динамикалық тығыздығын және құрылымын анықтауға арналған үлгі аймағы ретінде Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы орналасқан Жетісу өңірін таңдалды. Соңғы онжылдықта бұл аймақ елеулі антропогендік күйзелістерге ұшырады: жер көлемінің көп бөлігі егістік алып жатыр, шектеусіз мал жайылымы мен орманды алқаптарда ағаштар кесіліп, өрттен зардап шегуде, бұл табиғи биоценоздың ауысуына әкеліп соғады, нәтижесінде фауна мен ызылдақ қоңыздардың мекенінің өзгеруіне алып келеді.

Ызылдақ қоңыздар (Coleoptera, Carabidae) түрі барлық ландшафты аймақтарда, оңтүстік Украинада, Қырым, Кіші Кавказ, Кавказ, төменгі Поволжье, Солтүстік және Орталық Қазақстан, Австрия, Чехия, Венгрия, Румыния, Молдова, Украина, Қырым, Краснодар және Ставрополь, Кабардино-Балқария, Солтүстік Осетия, Дағыстан, Қалмақия, Волгоград, Оренбург, Алтай өлкесінің оңтүстік бөлігінде кездесетін насекомдардың ең ірі тобын құрайды (Крайжановский, 1983; Кряжановский және басқалар, 1995; Бондаренко және басқалар, 2015) [1].

Олар жер биоценозында маңызды рөл атқарады, негізінен омыртқасыздардың санын реттейтін агенттер ретінде қолданылады (Carabid beetles: ecology and evolution, 1993). Ызылдақ қоңыздар экологиялық және фауналық зерттеулер үшін қолайлы модельдік объект ретінде: топырақтың

зоологиялық диагностикасы анықтауда (Моркович, 1977), биоценоздың зоогеографиялық сипаттамаларын жасауда (Крыжановский, 1965; Penev, Turin, 1994), биотаға антропогендік әсерлерді анықтауда пайдаланады (Стомр, 1990; Тимофеева, 2010) [2].

Ызылдақ қоңыздардың тіршілік циклдерін зерттеуде көптеген шетелдік және отандық ғалымдар жұмыстар атқарған. Олардың хронологиясын 150 жылдан астам уақыт өткен соң А.В.Маталин жеткілікті түрде зерттеген (Маталин, 2007). Ызылдақ қоңыздардың тіршілік циклдерін жіктеу қазіргі кезде бес критерийге негізделеді (Matalin, 2007): онтогенездің ұзақтығы, соның ішінде маусымдағы ұрпақтар саны, фенологиясы, көбеюдегі тұрақтылығы мен қайталануы. Қоңыздардың тіршілік циклдері бір жылдық (моно- немесе биволтина) және екі жылдық (моноволтинді) деп екіге бөледі. Көбею мерзімі қыс-көктем, көктем, көктем-жаз, жаздың басы, жаз, жаздың соңы, күз, күз-қыс, қыс және маусымаралық циклдарға бөлінеді [3].

Батыс Сібірдің оңтүстік-шығысындағы орманды далада 1960 жылдардың ортасынан бастап карабиологиялық жұмыстар жүргізген: (Моркович, 1964, 2007, Козлов, 1991, Дудко, 2002, Дудко, Иванов, 2006, Любачанский, 2009) .

Солтүстік - Батыс Кавказ аймағының ызылдақ қоңыздардың кейбір эндемик түрлерінің тіршілік циклдерін жасанды ортада зерттеулер жүргізген (Стипрайс, 1964). *Carabus L.* кейбір түрлерінің биологиялық ерекшеліктерін зерттеуге үлкен үлес қосқан осы жұмыстың екінші авторы (Замотайлов, 1994). Кейбір мәліметтер В.Г.Кныштың (2002) зерттеу жұмысында, ал осы тұқымдасқа жататын бірнеше жеке түрлердің тіршілік циклі туралы мәліметтер (Боховко, 2006) еңбектерінде толығырақ берілген. 2008 ж. И.И.Кабак Тянь-Шанның *Carabus L. (Coleoptera, Carabidae)* тұқымдасының ызылдақ қоңыздары атты диссертациялық жұмыс қорғаған. Бұл жұмыстың басты мақсаты – Тянь-Шань фаунасының *Carabus* тұқымдасының экологиялық және зоогеографиялық ерекшеліктерін зерттеу [4].

Осы кездегі зерттеулердің нәтижесінде Алексеев А.В., Арнольди Л.В., Гурьева Е.Л. т.б-дың 5 томдық "Определитель насекомых Европейской части СССР". М., Л., "Наука" 1965, Б.В.Добровольскийдің "Вредные жуки" Ростов-на-Дону, 1951, Ф.А.Зайцевтің "Насекомые жесткокрылые", Фауна СССР, 1953, О.Л.Крыжановскийдің Жуки жужелицы рода *Carabus* Средней Азии. Изд. АН СССР М.-Л., 1953, Б.С.Кузиннің Жуки нарывники Казахстана. Труды Республ.станции защиты растений. Алма-Ата, 1953, С.И.Медведевтің Жесткокрылые, Т. X, вып. 1-5. Пластинчатоусые. Фауна СССР, М.-Л., 1949-1964, Д.А.Оглубиннің Насекомые жесткокрылые. Т. XXVI, вып. I. Листоеды. Фауна СССР, 1936. т.б. көптеген еңбектер жарыққа шықты [4,5].

1950-1990 жылдары Қазақстандық ғалымдардың насекомдарды зерттеу жұмыстары айтарлықтай дәрежеде жүргізілді. Атап өтетін болсақ И.А.Костиннің "Стволовые вредители хвойных лесов Казахстана" Алма-Ата, 1964; К.З.Куленованың "Жуки листоеды (*Coleoptera, Chrysomelidae*) Казахстана" Алма-Ата, Наука, 1986. атты монографиялық еңбегі жапырақ

жегіш қоңыздардың морфологиялық, биологиялық даму ерекшеліктері мен ауыл шаруашылық дақылдарының, жайылым, орман және дәрілік шөптердің зиянкес бөжектеріне арналған. Осы еңбекте Қазақстанда кездесетін жапырақ жегіші қоңыздардың 562 түрін анықтайтын кестесі және тізімге енгізілген әр түрдің экологиялық, зоогеографиялық таралуы жөнінде мәліметтермен қатар, олардың қандай өсімдіктермен қоректенетіндері жайлы деректер келтірілген.

Насекомдардың биологиясы, экологиясы және зияндылығы жөнінде көптеген тың деректерді П.И.Мариковскийдің (1955), Ж.Д.Исмухамбетовтың (1967), М.С.Байтеновтың (1974), Л.Г.Серкова мен В.Е.Камбулиннің (1972), В.Г.Каплиннің (1984), Т.Н.Нурмуратовтың (1971,1999), Г.Николаевтің (1988), Б.Т.Тарановтың (1984,1987,1988), С.А.Талибаевтің (1987), В.Е.Камбулиннің (1987) және басқа да жекелеген мақалалардан кездестіруге болады. Аталып өткен ғылыми еңбектерде қаттықанатты насекомдардың ауыл шаруашылық дақылдарының және жайылым өсімдіктеріне зияндылығының шегі 30%-дан 70%-ға жететіндігіне дәлел келтіріледі. Кейбір жылдары жусанның жапырақ жегіш қоңызының көбейгені соншалық, әрбір түп жусанға олардың 70-ден 120 данаға жеткені туралы айтылады. Ал, Б.Т.Тарановтың (1988) келтірілген деректерінде шөл зерқоңызының (*Julodis variolaris* Pall.) тамыр жегіш дернәсілінің кесірінен қолдан өсірілген изеннің 30%-ы, ал кейбір жерлерде 50%-ынан астамы құрап қалғаны айтылады [6].

Жер шарында қаттықанатты насекомдардың құрамында 250 мыңдай түрі бар, ең ірі тобы. Бұрынғы Совет елінде 20 мыңнан аса түрлері кездеседі. Тұқымдастарының саны 100-ге жетеді. Ал біздің елімізде 2000-нан асады. Олар 2 отряд тармағын құрады: ет қоректілер - *Aderphaga* және көп қоректі қоңыздар топ тармағы - *Polyphaga*.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Крыжановский О.Л. Жуки жужелицы рода *Carabus* Средней Азии. Изд. АН СССР М.-Л., 1983. – 312-343 с.
- 2 Анюшин, В.В. Видовой состав и особенности пространственного распределения жужелиц и чернотелок (Coleoptera: Carabidae, Tenebrionidae) в Краснотуранском бору Идринского лесхоза // Насекомые лесостепных боров Сибири. Новосибирск: Наука, 1982. — С. 7698.
- 3 А.В.Маталин. Жизненные циклы жужелиц (Coleoptera, Carabidae) Западной Палеарктики. ВАК РФ 03.02.08, Экология (по отраслям). Автореферат диссертации на соискание учёной степени доктора биологических наук. Москва, 2011
- 4 Берлов, О. Э. К биологии прибайкальских жужелиц рода *Carabus* 1. (Coleoptera, Carabidae) // Жесткокрылые Сибири. Иркутск: Изд-во Иркут. гос. ун-та, 1984. - С. 67-77.
- 5 Берлов, О. Э. Биология развития жужелицы *Pterostichus* (*Bothriopteris*) *oblongopunctatus* (Coleoptera, Carabidae) из Прибайкалья // Вестник Иркутской государственной сельскохозяйственной академии, 1997а.-No 7.-С. 33.

6 Казенас В.Л., Чильдебаев М.К., Николаев Г.В., Жданко А.Б., Митяев И.Д., Джанокмен К.А., Кащеев В.А., Есенбекова П.А., Кадырбеков Р.Х., Ященко Р.В., Златанов Б.В. Насекомые. Энциклопедия (Серия «Животные Казахстана»). - Алматы: Атамұра, 2010. -368 с.

САРКОСПОРИДИЯЛАРДЫҢ ТІРШІЛІК ЦИКЛЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДАМУЫ

¹Сексенова Д.У. - PhD докторант, ²Резанов А.Г. д.б.н., профессор, ¹Есимов Б.К.- к.б.н., доцент

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
²МГПУ г.Москва

Саркоспоридиялар ішек және бұлшық ет саркоспоридиозы болып екіге бөлінеді. Инвазия қоздырғыштары саркоспоридия немесе ет споралары *Sarcocystis* туысы, *Sarcocystidae* тұқымдасы, *Coccidiida* отряды, *Sporozoa* класына жататын паразиттік карапайымдылар. Ауылшаруашылық жануарларында паразиттік тіршілік ететін саркоспоридиялардың көп түрлері бізге белгілі.

Медициналық маңызы бар 3 түрі кездеседі. Олар: *Sarcocystis suihominis* (Tadros, Laarman, 1976), Heydorn, 1977 (*Isospora hominis* Railliet, Lucet, 1891) және *Sarcocystis bovi hominis* Heydorn et al. *Isospora hominis* - ішек саркоспоридиозының қоздырғышы, ал *Sarcocystis lindemanni* (Lindemann, 1868), Rivolta, 1878 - бұлшық ет саркоспоридиозының қоздырғышы.

Саркоспоридияларды алғаш рет 1843 жылы Мишер (J.F.Miescher) тышқаннан, ал Рейни (G. Rainey) 1857 жылы шошқадан ақшыл - сұр немесе қоңыр түзілімдер түрінде тапты, содан бері саркоспоридиялар мишер түтікшелері немесе рейни қапшықтары түрінде белгілі. Саркоспоридиялардың жыныссыз дамуының бір кезеңін – саркоцисталар деп атайды.

Саркоспоридияларды адамның бұлшық етінен алғаш рет сипаттаған 1863 жылы Линдеман (Lindemann) болып табылады, ал Файер (R. Fayer, 1970, 1972), Роммел, Хейдорн (M. Rommel, A. O. Heydorn, 1972), Тадрос, Ларман (W. Tadros, J. J. Laarman, 1976) және басқалары 20-шы ғасырдың 70-ші жылдары саркоспоридиялардың даму циклын анықтады. Адам саркоцистаның екі түрінің *Sarcocystis hominis*, *Sarcocystis suihominis* (грек. *sarkos*-ет) соңғы иесі болып табылады.

Саркоспоридияларда споралылар типіне тән белгілері - дамудың күрделі кезеңінде иесін міндетті түрде ауыстырып отыруы. Жыныссыз көбеюі –шизогония процесі спороцисталарды жұтып жұқтырып алған аралық иесінің ағзасында өтеді, соңғы иесі нәжіспен бөлініп шыққан спороцисталармен залалданады. Аралық иесінің ішегінде спороцисталардан

спorozоиттар шығады, олар қан тамырларына еніп бүкіл ағзаға таралады.

Қаңқа бұлшық етінің қан тамырларының жасушаларында, жүрек бұлшық еттерінде, сирек мида 50-90-ға дейін мерозоиттың бірмезеттік түзілуімен шизогония процесі өтеді. Олар бұлшық етте типтік саркоцисталарға (цисталарға) бастау береді.

Саркоцисталардың мөлшері бірнеше миллиметрден бірнеше сантиметрге дейін, пішіні созылған немесе сопақ, қабығы радиалды сызылған болып келеді. Саркоцисталар септалар арқылы камераларға бөлінген, периферия бойынша тек жас саркоцисталар дөңгелектелген жасушалар – метроциттер болады [1]. Олар эндодиогония жолымен бөлінеді (аналық жасушада 2 жаңа ұрпақ жасушалар пайда болады) және инвазиялық кезеңдерге — банан тәрізді пішіні бар брадизоиттерге (цистозоиттерге) бастау береді.

Жыныстық көбею процесі - гамогония және спорогония кезеңі соңғы иесінің ағзасында, яғни адамның аш ішегінің шырышты қабығының түктерінде өтеді, адам брадизоиті бар жетілген саркоцисталармен залалданған жануарлардың етін (аралық иелерін) жеген кезде жұқтырады.

Саркоцистаның қабырғасы аш ішектің протеолитикалық ферменттерінің әсерінен ериді, босаған брадизоиттер паразитофорлық вакуольмен қоршалған және -макро мен -микрогамонталарға бастау беретін аш ішектің субэпителий жасушаларына (*lamina propria*) енеді.

Әрбір макрогамонт макрогаметаға айналады, ал микрогамонттан бірмезеттік бөліну арқылы 3 талшығы бар ауыр 20-30 микрогамета пайда болады.

Қозғалмайтын макрогаметамен қозғалатын микрогаметаның ұрықтануы нәтижесінде зигота қалыптасады, ол қабықшамен қапталады және ооцистаға айналады. Споруляциядан кейін ооцистада екі спороцистадан әрқайсысында төрт спорозоиттар түзіледі. Бұл ретте жетілген жеке спороцисталар қалыптасады және бөлінеді, кейде олар ооцистаның жалпы суланған қабығында қосарланған (ооциста – ішектің эпителийінде дамиды алдыңғы кезең) түрінде болады. Қоршаған ортада жақсы сақталады. Иесінің жасушасынан шыққан кезде ооцистаның жұқа және нәзік қабығы жарылады да толық қалыптасқан спороцисталар спорозоиттарға бөлінеді, қоршаған ортаға нәжіс арқылы шығады. Инвазионның спороцисталары тек аралық иесі үшін ғана [2].

Көп жағдайда аралық иелері шөпқоректілер (кұстар, бауырымен жорғалаушылар, сүтқоректілер) болып табылады. Ал, етқоректілер (иттер, мысықтар, еноттар, қасқырлар, түлкілер, адам) соңғы иесі болады.

Sarcocystis suihominis-тер үшін аралық иелері үй және жабайы шошқалар болып табылады, қаңқалы және жүрек бұлшық еттерінде, сирек мида жұқтырғаннан соң 20-30 күннен кейін 5 миллиметр мөлшердегі саркоцисталар пайда болады. Соңғы иесінде, яғни адам жұқтырғаннан кейін 9 күн өткен соң орташа көлемі $13,5 \pm 0,5 \times 10,5 \pm 0,1$ мкм спороцисталар нәжіспен бөлінеді.

Sarcocystis bovis үшін аралық иесі ірі қара мал болып табылады,

олар жұқтырғаннан кейін 30-40 күн өткен соң қаңқалы және жүрек бұлшық еттерінде саркоцисталар пайда болады. Соңғы иесінде (адам, макак маймылдары) спороцисталарды жұқтырғаннан кейін 9-10 күннен соң нәжіспен бірге сыртқа шығады, олардың орташа көлемі $14,7 \pm 0,8 \times 9,3 \pm 0,5$ мкм болады.

Sarcocystis lindemanni (Линдеман саркоспоридиясы) үшін аралық иесі адам болып табылады; оларды жұқтырғаннан кейін жүрек, жұтқыншақ, тіл және аяқ-қолдың бұлшық еттерінде бірнеше миллиметрден 55 миллиметрге дейінгі көлемде саркоцисталар пайда болады. Соңғы иесі белгісіз, бірақ ұсақ кеміргіштер болуы мүмкін деген дәлел бар.

Ішек саркоспоридиозы кең таралған және барлық жерлерде кездеседі.

Адам үшін инвазияның көзі - ірі қара мал мен шошқалар болып табылады, оларда саркоспоридиялардың дамуының жыныссыз кезеңі өтеді. Адам құрамында саркоцистасы бар шикі немесе термиялық өңделмеген етті жеген кезде залалданады. Инвазиялық кезеңдегі саркоспоридияларды (спорулирленген ооцисталар мен спороцисталарды) нәжістермен бөле отырып, адам қоршаған ортаны ластайды (топырақ, су, шөп және т.б.). Ол ірі қара мал мен шошқа үшін залалдану көзі болып табылады. Қоршаған ортадағы саркоспоридиялардың тұрақтылығы маңызды. Спороцисталар мен ооцистер дезинфекциялау құралдарына және төменгі температураларға төзімді, бөлме температурасында $1\frac{1}{2}$ —2 айға дейін сақталады, кептіруге және жоғары температураға сезімтал, 50° температурада кезінде спороцистер 20 минуттан кейін, 60° температурада — 8 минуттан кейін, 70° температурада 90 секундтан кейін тіршіліктерін жояды [3,4].

Ет және ет өнімдерін пісірген кезде саркоцисталар 1 сағат ішінде тіршілігін жояды. Етті мұздату саркоцисталар санының айтарлықтай төмендеуіне әкеледі, салқындатылған сиыр етінде $2-4^\circ$ температурада олар 20 тәулікке дейін сақталады, 25 пайыздық нитратты тұздау кезінде 3 апта бойы саркоцисталар 80 пайыз тірі қалады, етті қақтау әдісі етті залалсыздандырмайды.

Саркоспоридиялар жалпы жасушаішілік паразиттер болып табылады. Адамда аш ішектің субэпителиальды ұлпасының жасушаларында олардың дамуы катаральды қабыну құбылысымен қатар жүруі мүмкін. Патологиялық анатомиясы жағынан әлі де болса толық зерттелмеген. Инкубациялық кезеңнің ұзақтығы толық анықталмаған. Инвазия көбінесе симптомсыз өтеді. Сонымен қатар, кейбір адамдарда әлсіздік, тәбеттің болмауы, энтерит құбылысы, энтероколит сирек болуы мүмкін.

ДДСҰ (1981) деректері бойынша еріктілердің бақылауындағы зерттеулерде *Sarcocystis bovihominis*-мен залалданған адамның жүрек айнуы, іштің ауруы және диарея 3-6 сағаттан кейін шикі немесе термиялық нашар өңделген етті пайдаланғаннан кейін байқалады, сонымен қатар *Sarcocystis bovihominis*-тің саркоцистасы бар шикі шошқа етін қолданғаннан кейін клиникалық белгілері айқын байқалады. Аурудың ұзақтығы бірнеше күннен 3 аптаға дейін созылуы мүмкін, кейде клиникалық белгілері симптомсыз (қалтырау, диспепсия) өтеді.

Нәжісті зерттеу барысында спороцисталарды анықтау негізінде диагноз қойылады. Әртүрлі саркоспоридиялардың дифференциалды белгілері, олардың спороцисталарының мөлшері болып табылады. Спороцисталар нәжістерде жұқтырғаннан кейін 9-шы күннен бастап пайда болады, олардың ең көп саны 14-ші, 22-ші күні байқалады. Адамның нәжістеріндегі спороцисталар саны көп болмайды. Әдетте, мырыш сульфаты ерітіндісінде флотациялау (мырыш сульфатының 33 пайыздық ерітіндісінде анықтау) әдістерін қолдану ұсынылады. Бұлшық ет саркоцистозын диагностикалау үшін биопсия жүргізіледі және жұғындылар мен зақымдану ошақтарының гистологиялық кесінділері зерттеледі.

Бұлшық еттерді трипсинмен қайнату немесе трихинеллоскоптың көмегімен компрессориумда бұлшық еттердің микроскопиясы әдістерін қолданады. Зерттеу үшін өңеш, жүрек, диафрагма бұлшық еттерін алады, онда саркоцисталар жиі кездеседі [4]. Микроскопия алдында (А.Г. Кокурина) бұлшық ет тіліктеріне 0,5% көк метилен және мұз сірке қышқылының су ерітіндісінің тең бөліктерінен 2-3 тамшы қоспаны жағу ұсынылады, 3-5 минуттық бояудан кейін кесінділер түссізденеді, оларға 20-25 пайыздық нашатыр спиртінің ерітіндісінің 2-3 тамшысы жағылады. Бұлшық ет ұлпасының көк фонында саркоциста қара - көк түсті береді.

Серологиялық диагностика үшін саркоцистаның антигенімен иммунофлюоресценцияның тікелей емес реакциясын қолданады. Реакция ауру басталғаннан кейін бір аптадан кейін оң нәтижесін береді. Емдеу симптоматикалық жүргізіледі, арнайы дәрілер жоқ.

Залалдануды болдырмауға - шикі немесе термиялық өңделмеген етті (шошқа, сиыр еттерін) тамаққа қолдануға тыйым салу, медициналық қызметкерлер саркоспоридиоздың алдын – алу шаралары туралы санитарлық насихат жүргізу болып табылады. Адам жеке гигиенаны сақтамаған жағдайда (лас қолдар) немесе залалданған малдың етін жеген кезде жұқтырады.

Бұлшық ет саркоспоридиозынан ауру сирек кездеседі. Бұлшық ет саркоцистозы әдетте симптомсыз өтеді, кейбір жағдайларда миозиттер мен миалгия (бұлшық еттерде ауырсыну), қанның эозинофилиясы, аллергиялық тері бөртпелері болуы мүмкін. Жазатайым оқиғалардан қаза тапқан адамдардың мәйіттерін патоморфологиялық зерттеу барысында анықталған бұлшық ет саркоспоридиозының 30-дан астам жағдайы белгілі болған. Олардың 90 пайызы тропикалық және субтропикалық белдеу елдерінде тіркелген [5].

Кейбір жағдайларда саркоцисталар адам бұлшық етінде де дамиды (*Sarcocystis Lindemanni* ретінде белгілі, бірақ бұл түрдің дербестігі әлі дәлелденбеген). Адам линдеманн саркоспоридиясының аралық иесі болып табылады, олар спороцисталарды немесе ооцисталарды жұту кезінде жұқтыруы мүмкін. Соңғы иесі кеміргіштер болып табылады. Адам ағзасында спорозоиттар босайды, ол жүрек бұлшық еттерінің, жұтқыншақ, тіл, аяқ-қол тамырларының жасушаларында өтетін дамудың жыныссыз циклына бастау береді. Бұлшық ет талшығының сарколеммасы астында саркоцисталар қалыптасады. Адам бірнеше ай бойы (жарты жылға дейін)

спороцисталарды бөледі.

Саркоцисталар тіршілігін жойғаннан кейін түссізденіп, ақшыл түске боялады және көзге көрінуі мүмкін. Инкубациялық кезеңнің ұзақтығы анықталмаған. Инвазиялық кезең көп жағдайда симптомсыз өтеді. Бірақ кейде ісіну, бұлшық ет әлсіздігі, бұлшық ет ауруы, ошақты миозиттер, әлсіздік, бронхоспазм, эозинофилия байқалады. Саркоциста және инкапсуляцияланған дернәсілдері - трихинеллдің жіктелуі сірке қышқылымен өңделген зат шынылары арасында жаншылған бұлшық етті зерттеу барысында айқындалуы мүмкін. Трихинеллалар үшін бұлшық етте қабыну реакциясының болмауы және саркоцистаның созылған пішіні тән.

Әдебиеттер тізімі:

1.Калякин В.Н.,Засухин Д.Н. Систематическое положение токсоплазмид, гемоспоридий и пироплазмид.- В кн.: Междкнародн. Конгресс протозоологов. Клермонт. 1993г.

2.Козелкин П.М. Спорозоиты(саркоспоридии) в мышце сердца крупного рогатого скота в связи стуюсarditis – Вет. Дело.1928.№8. С.15-24.

3. Пак С.М.,ПерминоваВ.В.,Ештокина Н.В.Sarcocystis citellivulpessp.n.из желтых сусликов – В кн.: Токсоплазмиды: Протозология.Л.,1989 вып.4 С.76-119.

4. Скугарев В.Н. Распространение саркоспоридиоза животных (на примере хозяйств Киевской области) и физические методы воздействия на возбудителя инвазии. Автореф. дисс. канд. вет. наук. Ставрополь. 1982.

5. Федосеенко В.М., Романова В.А. Паразитирование цист Sarcocystissp. в мышечной ткани промежуточного хозяина–белой песчанки. – В кн.: Паразиты- компоненты водных и наземных биоценозов Казахстана. Алма-Ата. 1981. С.162-165

ЛЮМБРИЦИД (*LUMBRICIDAE*) ТҰҚЫМДАСЫНЫҢ ТАРАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

¹Есимов Б.К., ²Соловьев А.С. д.б.н., профессор, ¹Серібекқызы Г. докторант

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті

²Омский государственный университет

Аннотация

В статье приводятся данные по распространению, биологии и экологии видов Lumbricus terrestris, Lumbricus rubellus, Allolobophora caliginosa, Dendrobaena octaedra, Eisenia foetida семейства Lumbricidae.

Ключевые слова: Lumbricidae, дождевые черви, Lumbricus terrestris.

Annotation

The article presents data on the distribution, biology and ecology of species Lumbricus terrestris, Lumbricus rubellus, Allolobophora caliginosa, Dendrobaena octaedra, Eisenia foetida family Lumbricidae.

Key words: *Lumbricidae, earthworms, Lumbricus terrestris.*

Люмбрицид (*Lumbricidae*) тұқымдасы жауын құрты немесе шұбалшаң деген атаумен кең танылған. Кейде ылғалды ауа-райы кезінде, әсіресе жауын жауғанда жер бетінде көп мөлшерде таралып, бақтардағы жол бойында, жаңбыр суының түбінде, көктемде еріген суларда кездеседі. Дегенмен, «жауын құрты» атауы олигохеттердің қандай да бір нақты тұқымдасының атауы деп ойлаған дұрыс емес, ол осы класстың топырақта да мекендейтін алуан түрлі 5 тұқымдасының барлық өкілдеріне де қолданылады. Бір қарағанда, олардың арасындағы бірқатар ұқсастықтарды байқауға болады. Зоологтар бұл тұқымдасты ішкі мүшелерінің құрылыс ерекшеліктеріне, көбею мүшелеріне, белбеуінің орналасауына, қылтандары және т.б. белгілері бойынша ажыратады. Зоологиялық кітаптарда олигохет класының мысалы ретінде «қарапайым жауын құрты» - *Lumbricus terrestris* келтіріледі. Бұл едәуір ірі, ұзындығы 30 см-ге дейін, ал жуандығы 1 см-ге дейін, 200-ге жуық түрді біріктіретін нағыз жауын құрты немесе люмбрицид (*Lumbricidae*) тұқымдасына жатады. Ең ұсақтары небәрі 2-3 см ұзындықта, шамамен 1 мм қалыңдықта, ал ең ірілерінің ұзындығы 1,5-2 см жуандықта жарты метрге дейін жетеді. Көбеюі тек жынысты жолмен жүзеге асырылады.

Lumbricus terrestris басқа жауын құрттардан өзінің үлкен көлемімен, жайпақтау және кеңейген құйрығымен және денесінің арқа жағындағы алдыңғы бөлімі қою қызыл-күлгін түсті болса, денесінің қалған бөлігі ашықтау, күңгірт-алқызыл түсті, арқасының ортаңғы бөлімінен денесінің соңына дейін созылып жатқан қаралау жолақтары бар бояуымен ерекшеленеді. Күн сәулесінің әсерінен құрттың алдыңғы бөлімінің бояуы құбылмалы (иризация). Қылтандары сегменттерде 4 жұптан орналасқан, ал белбеуі 31-32-сегменттен басталып 37-сегментке дейін жалғасады.

Бұл түр барлық Еуропа елінде, Атлант мұхиты жағалауынан Оралға дейін таралған; Сібірде, Қазақстанда, Орта Азияда, Кавказда табылмаған, алайда қалалық бақтар мен саябақтарға жеткізілген болуы да мүмкін; сонымен қатар, Солтүстік Америка да кең танымал. Жерде жер бетінен 2 м және одан да терең жолдар (індер) қазады. Ыстық және ылғалды ауа-райында, түн мезгілінде бұл құрттар өз індерінен шығады, бірақ бүкіл денесімен емес, қауіп-қатер төнген жағдайда тез жасырыну үшін құйрығымен інге жабысып тұрады. Жауын құрттары жарыққа өте сезімтал. Кездейсоқ күн сәулесі түскенде, мысалы олар жиналып жатқан тасты аударғанда немесе түнде қолшаммен жарық түсіргенде өз індеріне тез-ақ жасырынып үлгереді. Дегенмен, әлсіз жарыққа оңынан әсер етеді, қызыл түске сезімталдығы жоқ.

Інінен шығып, қоршаған ортаны айналып, жерге түскен жапырақтарды, жартылай шіріген шөптерді аузымен қармап, өз ініне тасиды. Бұл құрттар топырақты да жұтып алады, сол себепті ішектерінде әрқашан топырақ

кездеседі. Топырақтағы органикалық заттар, шірінділер қорек ретінде пайдаланылып, құм түйірлері жұтылған жапырақ түйірлерін ұсақтайды және де жүрген сайын топырақ қорытылады. Бұл кезде басты рөлді құрттың бұлшықет қабаты атқарады. Құрт жер бетінен ініне кіргенде немесе топырақ қабатында жаңа жол салғанда денесінің алдыңғы бөлігі арқылы әрекет етеді, жиырылып, тарылып топырақ бөліктерін шетке қарай ығыстырады. Осы кездегі маңызды рөл құм түйірлеріне тиесілі, себебі ол құрттың жиырылу кезінде құрт денесінің артқа қарай сырғып кетпеуін қамтамасыз етіп тұрады. Құрттардың жер бетінде қозғалуы салыстырмалы түрде баяу, ал өз інінің ішінде едәуір жылдам: егер құрттар астында жиналып тұрған тасты жылжытып, оларды ұстауға тырысса, жауын құрттарының тез арада-ақ ініне жасырынғанын байқауға болады.

Ішек арқылы өтіп, қорытылған топырақты ініне кірерден бұрын шығарынды немесе копролит түрінде тастап кетеді. Осындай шығарындылардың көктемдегі ашық жер бетінде шығарылуы құрттардың пайда бола бастағанын куәландырады. Әрбір құрттың тәулігіне өз ішегінен өткізетін топырақ мөлшері өз дене салмағына сәйкес (*Lumbricus terrestris* орташа салмағы — 4-5 г). Бұл құрттар қыс мезгілінде өз індерінің төменгі бөліктерінде қыстап шығады; жаздың ыстық күндері топырақ кепкен кезде де дәл солай төменгі горизонттарға түсіп кетеді. Өмір сүру ұзақтығы нақты белгісіз, бірақ кейбір зерттеулерде 5-6 жылдан кем емес екендігі анықталған [1].

Lumbricus туысына 10 түр жатады. Ең қарапайымы ұсақ қызыл құрт (*Lumbricus rubellus*). Ол шамамен алдыңғы түрден 2 есе қысқа және жіңішке, бірақ бояуы анық, шие-қызыл түстес. Денесінің құйрық бөлімі жайпақтау және үлкен, ал белбеуі, әдетте, 27-32 сегмент аралығында орналасқан. Ол топырақтың беткі бөлімдерін мекен етеді, ал орманда жартылай шіріген жапырақ арасынан кездестіруге болады.

Бірақ, ең кең тараған түр болып сұр аллолобофора (*Allolobophora caliginosa*), егістік жерлерінен жиі кездестіретіндіктен, оны кейде егістік құрты деп те атайды; сонымен қатар, орманнан, бақшадан, су қоймаларының жалауынан табылады. Мөлшері орташа, ұзындығы 15-16 см-ге дейінгі сұр түстес, күлгін түсті пигментациясы мүлдем жоқ, белдеуі 27-34 сегменттері аралығында орналасқан. Денесінің соңғы бөлігі жайпақталмаған. Осы туыстың басқа түрлерінікі сияқты әрбір сегменттегі қылшықтары жұптасып орналасқан. Аллолобофора түріне қарағанда топырақтың 5-15 см тереңдеу бөлігінде жүреді, сәйкесінше, топырақ шірінділерімен қоректенеді. Оны жер бетіне тек қатты жаңбыр ғана шығара алады. Қолайлы жағдайда өте көп мөлшерде көбейеді: 1 м² аудан көлемінде 400-500 экземплярна дейін алуға болады. Жаздың ыстық күндері 40-60 см тереңдікке дейін түсіп, түйін түзіп, сілекей бөледі де, соның көмегімен өз айналасында топырақ бөліктерінен капсула түзіп, пассивті күйге көшеді, барлық көбею процесі уақытша тоқтайды. Мұндай жағдай, диапауза, 2 айдан аса уақытқа созылуы мүмкін. Осы қабілетінің арқасында аллолобофора құрғақшылыққа төзімді және құрғақ, ашық жерлерді мекендей алады.

Бұл туысқа ең үлкен құрттардың бірі – Алтайлық алып аллолобофора (*Allolobophora magnifica*) жатады. 1,5 см жуандықта ұзындығы 25-30 см-ге дейін жетеді. Олардың інінің диаметрі 2 см-ге дейін, топырақта тереңдігі 4-5 м-ге дейін жетеді. Ал інге кіріп жерінде биіктігі 8 см-ге, диаметрі 10 см-ге жететін шығарындылар үйіндісін тастайды. Ауылшаруашылық тұрғысынан қарағанда, бұл құрттардың топыраққа әсері оң, бірақ құрылысшылардың көзқарасы басқаша, себебі іргетас манайындағы топырақты қопсыту артық машақатқа әкеледі. Әзірше бұл түр тек Солтүстік-Батыс Алтай өңірінде ғана танымал [2].

Дендробен туысы (*Dendrobaena*) алыс орналасқан қылшықтармен (жұптаспаған) сипатталады. Туыс атауы оның өкілдерінің орманда мекендеуін көрсетеді; бұл туыстың ертеден бері сипатталған түрі – мөлшері үлкен емес, қозғалмалы, қою қызыл-күлгін түсті құрт сегізқырлы дендробен (*Dendrobaena octaedra*) – орман зонасына тәндігі соншалық, оны «тайгалық құрт» деп те атайды. Жерге түскен жапырақтар арасын мекен етеді. Таралуы кең – Атлант мұхитынан Тынық мұхитына дейін, алыс Сібірде, Қырым және Кавказ тауларында кездеседі.

Дегенмен, бұл туыстың барлық түрі (40-тан аса деп есептелген) орманда кездесе бермейді. Оның Азов маңында, Қырымда және Кавказда таралған мариупольдық дендробен (*Dendrobaena mariupolienis*) түрі бар. Бұл ұзындығы 35 см-ге жететін, үлкен, едәуір күшті, жуан, қара-қоңыр түсті құрт; белбеуі 25-32 сегмент аралығын алып жатыр. Г. Н. Высоцкийдің бақылауы бойынша, мариупольдық дендробен тың жерлердің топырағында көп мөлшерде кездеседі. Жер астындағы індерін 8 м тереңдікке дейін байқалған, олардың бойымен өсімдіктердің тамырлары топырақтың терең бөліктеріне өтеді.

Боялуы ашық түсті құрттардың бірі иісі жағымсыз, атауынан да байқалатын (*foetida* - өте жағымсыз иіс) көң құрттары (*Eisenia foetida*) болып табылады. Ұзындығы 6-10 см, қылшықтары жұптасып, жақын орналасқан құрттар. Түсі қара-қызыл немесе қызыл-қоңыр, бірақ боялуы біртегіс емес, ал сақиналы бөліп тұрушы сегменттері құрт созылған кезде өте айқын көрінеді. Көң құрты – кең таралған түр; солтүстік пен орталық жазықта көң жиналған барлық жерлерде, сабан шірінділерінде кездеседі. Тітіркенген кезде иістенген сары сұйықтық бөледі.

Осы туысқа норденшель құрты немесе Норденшельд эйзениясы (*Eisenia nordenskioldi*) да жатады. Сібірдің солтүстігінде көптеген зоологиялық коллекциясын жинаған Норденшельдтің полярлы елдерінің зерттеушісі, атақты швед саяхатшысының құрметіне осылай атаған. Бұл түр Сібірдің барлық жерінде таралған, Алтай мен Маньчжурияда кездеседі, Еуропаның шығыс бөлігінен Қырымға дейін жетеді. Бояуы мен мөлшері бойынша өте құбылмалы; бояуы *Lumbricus rubellus* құртына ұқсас: едәуір күңгірт шие-қызыл түсті, ал құйрық бөлімінің түсі ашықтау: бүйірінде екі ашық түсті дағы бар (9-11-сегменттерде). Сібірде норденшельд құртының ұзындығы 25-30 см-ге жетеді; КСРО-ның Еуропалық бөлігінде ұсақтау, бар болғаны 6-12 см. Тағы бір қызығы, бұл түр тундрада, мәңгі тоң

аймақтарында көптеп кездеседі; тіпті, мәңгі мұз басып жататын Ляхов аралдарында да табылған. Люмбрицид тұқымдасының соңғы түрі – төрт қырлы эйзениелла (*Eiseniella tetraedra*) - ұзындығы 2,5-6 см болатын, ең ұсақ құрттардың бірі. Бояуы сарғыш реңкі бар, сұр-қоңыр түсті; белбеуі 22-23-пен 26-27-сегмент аралығында; денесінің құйрық бөлімі төрт қырлы. Бұл түр су қоймаларының жағалауын мекендейтін қосмекенді түрге жатқызылады; кейде оны су жағалауларынан да кездестіруге болады [3].

Солтүстік жартышардың қоңыржай және салқын аймақтарында тек «нағыз» жауын құрттары, яғни *Lumbricidae* тұқымдасының өкілдері таралған. Оңтүстік жартышар, сонымен қатар, солтүстік жартышардың тропикалық және кейбір субтропикалық зоналарындаға жауын құрттарының өкілі басқа 1800 түрді біріктіретін, 4 тұқымдасқа жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жизнь животных. Том 1. Беспозвоночные Под редакцией профессора Л.А.Зенкевича 1968 г.
2. Новак, А.И. Биотопическое распределение дождевых червей семейства Lumbricidae в Алма-Атинской области / А.И. Новак // Вестник Ульяновской государственной сельскохозяйственной академии : научно-теоретический журнал. - Ульяновск: УГСХА, 2015. - №4 (32), октябрь – декабрь. - С. 78-83.
3. Всеволодова-Перель, Т.С. Дождевые черви фауны России: Кадастр и определитель / Т.С. Всеволодова-Перель. - М.: Наука, 1997. - 102 с.

ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГЕРПЕТОФАУНАСЫНА ШОЛУ

Алтынбек Т.О.- Phd докторант
Жақсыбаев М.Б.-б.ғ.к., қауым.профессор

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық
университеті*

Оңтүстік-шығыс Қазақстан ерекше табиғи ортаға бай, сондықтанда герпетофаунасын зерттеудің маңызы зор.

Қазақстанда Қазан революциясына дейін бауырмен жорғалаушыларды зерттеумен әдейі ешкім айналысқан жоқ. Бауырмен жорғалаушыларды зерттеу және оларды жинау бертін келе болды.

Қазақстан фаунасының ең бірінші зерттеушісі, сонымен қоса бауырмен жорғалаушыларды зерттеген академик Петр Симон Паллас және адъюнкт доктор Иван Легенин.

Шнитниковтың көптеген жылдық жұмысының нәтижесінде Жетісуда бауырмен жорғалаушылардың коллекциясына өте көп мағлұмат жинады. Шнитниковтың материалдарының көбісі, әсіресе оның ішінде «Жетісудың

бауырмен жорғалаушылары» деген жинағы қолданылады. Бұл кітапта автор Жетісуды зерттеуде алдыңғы герпетологтардан асты. Сонымен бірге өзінің маңызды жинақтары Жетісуда таралған өкілдерінің топтарын кітабына анығырақ енгізді.

А.Н.Слудский 1946 жылы Іле бойындағы бауырмен жорғалаушыларды коллекциялады.

1949-51 жж В.Г.Коваленко дала сұржыланның экологиясымен айналысты. Бірінші жылы шамалған станциясының аудандарын, кейін Іле Алатау алқаптарын және Іле өзенінің бойын қарастырды (үш ылдық зерттеудің нәтижесінде). Коваленко 600-ден астам сұржыланның особьтарын жинады.

1950 жылы К.П.Параский Іле өзенінің жағалауындағы, бауырмен бауырмен жоғалаушыларының фауналық және экологиялық мәселелерін зерттеді.

1952 жылы ботаник М.Бәйтенов Алматыдан Сарыбұлақ өзені территориясын жағалап бауырмен жорғалаушыларды жинап отырды [2].

Бауырмен жорғалаушылар көптеген класс тармағына бөлінеді. Қазіргі кезде Анапсидалар, Лепидозаврлар және Архозаврлар кластарының өкілдері тіршілік етеді. Ал Қазақстанда алдыңғы 2 кластарына бірігетін 2 отрядтың 50 түрі кездеседі.

Дала тасбақасы (черепаха степная)- *Agrionemys (Testudo) horsfieldi* Grau.

Қазақстанның оңтүстік бөлігінде тараған. Мекендейтін ортасы – сортаңды және құмды шөл-дала, дала және таудың ашық жазықтары. Көбінесе эфемері өсімдіктермен қоректенеді, сирек насекомдарды да жейді. Өзі қазған не сүтқоректілердің ұяларын пайдаланып қыстайды. Ыстықта эфемерлі өсімдіктер құрғағанда, жазғы ұйқыға жатады; кейде ол қысқы ұйқыға жалғасады.

Жармасқылар (геккондар) тұқымдасы – *Gekkonidae* Туыс Жалтырауық жармасқылар – *Teratoscincus* Жылтырауық жармасқы (геккон сцинковый)- *Teratoscincus scincus* Schegel.

Әлсіз бекіген құмда немесе шағалда, кейде тақырлы шөлдерде кездеседі. Жердің бетіне күн батқаннан кейін шығады, күндіз інінде тығылып жатады. Қазақстанда Үстіртте, Аралмаңы Қарақұмында, Шу және Іле өзендерінің аңғарларында, Тянь-Шань және Памир-Алай тау бөктерлерінде, Сырдария алқабында таралған.

Тарақсаусақты жармасқылар – *Crossobamon*. Тарақсаусақты жармасқы (геккон гребнепалый)- *Crossobamon eversmanni* Wiegmann.

Төбелер мен шағыл құмдарда мекендейді. Өздері қазатын індерінің ұзындығы 70 см-ден аспайды. Жердің бетіне күн батқанда шығады. Түрлі насекомдармен және олардың дернәсілдерімен қоректенеді. Қорегін іздеген кезде жиі бұталардың үстіне шығады. Қазақстанда Үстіртте, Аралмаңы Қарақұмдарында, Мойынқұмда, Ырғыз өзендерінің алқаптарында, шығысқа қарай Тянь-Шянь және Памир-Алтай тау жүйелеріне дейін таралған [1].

Жіңішке саусақты жармасқылар – *Gymnodactylus*.

Сұр жармасқы (геккон серый) - *Gymnodactylus russowi Strauch*.

Арқасы ақшыл-сұр не қоңыр-сұр «М» әрпі сияқты көлденең жолақты, құрсағы-ақшыл. Қазақстанның оңтүстік бөлігінде тараған. Шөлді жерлерде, тау мен мәдени ландшафтарда кездеседі. Тауда 2000 м биіктікке дейін көтеріледі. Көбіне жарларда, жартастарда, топырақ астында, үйлер мен құрылыстардың қабырғаларында, кеміргіштердің індерінде, ағаш қуыстарында мекендейді. Ағашқа, тік беткейлермен жақсы өрмелейді. Қысқы – ұйқыға қазан, қарашада кетіп, наурыз-сәуірде (кейде ақпаның аяғында) оянады.

Шикылдақ жармасқы (геккончик пискливый)-*Alsophylax pipiens Pallas*. Қазақстанның шөлдері мен шөлейтті аймақтарында таралған. Ашық сазды-тасты жерлерде, сексеуіл түлейлерінің шетінде, сортаңды жерлерде мекендейді. Баспана ретінде тас қуыстарын, сексеуіл бағаналарын, топырақ жарықшаларын, майда кеміргіштердің індерін пайдаланады. Қыркүйек-қазанда қысқы ұйқыға кетеді, наурыз-сәуірде оянады. Негізгі қорегі-жәндіктер көбіне қоңыздар.

Ешкімерлер тұқымдасы-*Agamidae*.

Тақыр батбаты - *Phrynocephalus Pallas*.

Шөлді және жартылай шөлді, тақырларда, саз және майда тасты жерлерде мекендейді. Шағыл құдарда кездеспейді. Баспана ретінде құмтышқандар менсаршұнақтардың індерін пайдаланады. Қазаннан бастап қысқы ұйқыға кетеді, одан ақпанның аяғында, наурыз-сәуірде оянады. Жәндіктермен қоректенеді.

Құлақты батбат (жұмырбас) (круглоголовка ушастая)-*Phrynocephalus mystaceus Pallas*.

Шағал құмдарда, бекіну дәрежесі әртүрлі құмдарда мекендейді, тіпті үлкен тақырлардағы құмдарда да кездеседі. Саны таралған аймағына байланысты әртүрлі. Мысалы Іле өзенінің орта ағысындағы құмдарда 1 га-да 25-117 бас есепке алынған.

Шұбар батбат (жұмырбас) (круглоголовка пестрая) – *Phrynocephalus vericolor Strauch*. Оңтүстік-шығыс, Шығыс Қазақстан құрамында кең таралған. Жәндіктер мен құмырсқалардан басқа жасыл жапырақ пен бұршақтармен де қоректенеді. Биологиясының басқа да жақтары белгісіз.

Бұлаңқұйрық батбат (жұмырбас) (круглоголовка вертихвостка) *Phrynocephalus guttatus Gmelin*. Бекінген және әлсіз бекінген құмдардың ашық алаңдарында кездеседі. Құйрығын тік көтеріп орап алу қабілеті бар. Күндіз белсенді. Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік – шығыс аудандарда тараған.

Дала ешкемері (агама степная) *Trapelus Agama sanguinolenta Pallas*. Аласа тауларда және өзен жағалауларда, шөлді және жартылай шөлді аймақтарда мекендейді. Ағаш басына шығып территориясын бақылайтын әдеті бар[1].

Сығыркөздер (цинктер) тұқымдасы. Алай жалаңкөзі (гологлаз алайский).

Қазақстанның оңтүстік-шығысында таулы аймақтарда тараған. Теңіз деңгейінен 3800 м биіктікке дейін тасты жарларда, бауларда, тау етектеріндегі жүзімдіктерде суармалы бақшаларда мекендейді.

Секіргіш кесіртке (ящерица прыткая) *Lacerta agilis Linnaeus*. Орманды, орманды-далалы және дала аймақтарда, әсіресе мезофильды (ылғалды) жерлерде мекендейді.

Торлы кесіртке (ящурка сетчатая) *Ereias grammica*. Кәдімгі шөл кесірткесі. Құммен тығыз байланысты, кейде есепқұмарда және тақыр жерлерде кездеседі. Оңтүстік шөлдерде қысқы ұйқыдан ақпанның екінші жартысында, ал Балқаш өңірінде сәуірдің басында оянады.

Түрлі-түсті кесірт (ящуртка разноцветная) *Eremias arguta Pallas*. Алуантүрлі ландшафтарды мекендейді. Жұмсақ топырақтарда саяз ұялар қазады.

Орташа кесірт (ящурка средняя) *Eremias intermedia Strauch*. Қазақстанның оңтүстік аудандарында кең таралған. Бекінген құмдарда жиі кездеседі. Баспанасы – құмтыш-қандары мен тараққұйрытың іні.

Сызықты (ұзынжолақ кесірт) (ящурт линейчатая) - *Eremias lineolata Nikolsky*. Көздерінде жалпақ қоңыр немесе қара-қоңыр сызық басталады, кейін дене бүйірі және құйрықтың алдыңғы жартысымен өтеді. Құмды шөлдерде мекендейді, кейде сазды шортанды жерлерде кездеседі. Балқаш-Алакөл аймақтарында тараған[4].

Жолақ кесірт (ящурка полосатая) *Eremias scripta Strauch*. Құмды шөлдін кесірті. Республикамыздың оңтүстік аудандарында таралған.

Шапшаң кесірт (ящурка быстрая)-*Eremias velox Pallas*. Өзен алқаптарында және оазистерінде, бекінген құмдарда , құмды тасты учаскелерде мекендейді. Республиканың оңтүстік аймақтарында таралған.

Босша немесе қалқантұмсықты жылан (щитомордник Палласа)-*Agkistrodon halys Pallas*. Аяу райына байланысты наурыздан бастап мамырдың аяғына дейін жер бетіне шығады.Таралу аймағының солтүстігінде және тауда күндіз, ал оңтүстікте –ымыртта және түнде белсенді.

Шығыс айдахаршасы (удаichick восточный) *Eryx tataricus Lichtenstein*. Сазды, майда құмды шөлейттермен жусанды далаарда, бұталы өсімдіктер өскен құмдарда, тасты беткейлерде мекендейді[5].

Кәдімгі сарыбас жылан (уж обыкновенный) *Natrix natrix Linnaeus*. Қазақстанда кең тараған. Өзен-көлдер, тоғандардың жағалауларында, жайылма шалғындарда, қамыс арасында, батпақты жерлерде кездеседі.

Су сарыбас жыланы (уж водяной) *Natrix tessellata Laurenti*. Республиканың батыс, шығыс, орталық аймақтарынан оңтүстікке қарай кең тарлған.

Өрнекті әбжылан (қарашұбар) (полоз узорчатый) *Elaphe dione Pallas*. Мекендейтін орындары алуантүрлі. Далаларда, сирек ормадарда, тоғайларды, сортаң топырақтарда, шөлейттерде кездеседі.

Дала сұржыланы (гадюка степная). Қазақстанда түгелдей дерлік кең таралған.

Оңтүстік – шығыс Қазақстан герпетефауналық зерттеулер кейбір аудандарда өте бәсең түрде зерттелген. Кейбір түрлердің экологиялық мәселелері мүлдем қарастырылмаған, соның ішінде кесірткелердің түрлік құрамын, биологиясын, экологиясын зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. С.С. Көпбергенова, Б.Есжанов, Е.В.Классовская Қазақстан амфибиялары мен рептилиялары, Алматы 2010ж.
2. <https://www.topreferat.com/Дипломдық-жұмыс/161>
3. З.К.Брушко Қазақстан шөлдерінің кесірткелері. Баспа «Қонжық» Алматы, 1995
4. Р.П.Богданов Орта Азияның бауырмен жорғалаушыларының экологиясы.
5. <https://baq.kz/.../3cf0037c165347f7b645d9aef501371a.pdf>

ЖАНУАРЛАРДЫҢ ҚАУІПТІ АУРУЛАРЫН ТУҒЫЗАТЫН ҚҰРТТАР

Джолдасбаева Н.М - магистрант
Жаксыбаев М.Б - б.ғ.к., қауым проф.

Абай атындағы Қазақ Ұлыттық Педагогикалық Университеті

Таспа жалпақ құрттардың ықпалынан болған инвазиялық ауруларды цестодоздар деп атайды. Таспа құрттар табиғатта екі сатыда кездеседі. Ересек, дамып жетілгендері әдетте сүтқоректілердің (үй жануарлары, етқоректілер) ішкі мүшелері мен ағзаларында тоғышарлық етсе, балаңқұрттары сүтқоректілерде, омыртқасыздарда мекендейді. Мысалы, айналмада (тентек, ценуроз) қойдың миында балаңқұрты (құрттың басы суға толы көпіршік) мекендесе, ит, қасқыр, түлкі секілді етқоректілердің аш ішеінде ересегі (денесі бунақталған) дамиды. Немесе, мониезиозда ересегі қойдың аш ішек тоғышары болса, оның балаңқұрт сатыы кездесетін жәндіктің (сауытты кене) денесінде сақталып дамиды. Сондықтан, цестодтардың ересекке сатысындағылардың дене бітімі бунақталған, ал балаңқұрттары суға толы көпіршік түрінде болады. Құрт денесінде басы, мойны және бунақтары анық көрініп тұрады.

Цестодтар – қосжыныстылар, яғни аналық және аталық мүшелері бір бунақта орналасады. Құрттың басы (сколекс) тікендермен қаруланған (бекіну қызметін атқарады), мойны- өсу зонасы, ал қалған денесі бунақталып, соңғысы жетіліп, піскен болып әдетте аталық мүшелері жойылып, жатыр ішін толығымен жұмыртқасы жайлайды. Таспа құрттардың осындай даму ерекшеліктерін ескере отырып, цестодоздарды екі топқа бөліп оқуды ұсынамыз. Бірінші топқа ақтық иелері- етқоректілер (ит, қасқыр, түлкі), ал аралық- иелері үй малы болып табылатын ауруларды қарастырсақ, екінші топ

бойынша, ақтық немесе дефинитивтік иелері үй жануарлары, аралық иесі жәндіктерде дамиды цестоздар енеді.

Етқоректілерден үй малына жұғатын цестодоздар.

Аталып отырған топқа мына инвазиялық аурулар: ценуроз (тентек), қой цистицеркозы (жылауық) және эхинококкоз (бершімек, беріш) жатады. Бұл аурулар біздің елімізде кеңінен таралған. Ветеринариялық-санитариялық шаралар атқарылмаған, кез келген елді мекен жануарларының арасында кездеседі. Соңғы көрсетілген ауру (эхинококкоз) адамға да өте қауіпті болып саналады.

Айналма (тентек, ценуроз) жиі жағдайда қойдың миында балаңқұрт көпіршігінің даму салдарынан орталық жүйке жүйесі қызметінің бұзылу белгілеімен сипатталатын ауру.

Иттің ішігінде дамыған ауру қоздырушысының ересегі (ұзындығы 1-1,5 метрге жететін 200-250 бунақты) сыртқа бөлген жұмыртқасын ластанған жем-сумен жұтқан қой миында 3-6 айдан сой тауық жұмыртқасындай көлемді көпіршік дамиды. Негізінен биылғы туылған тотылар арасында күзден көктемге дейінгі айларда байқалады.

Аурудың сыртқы белгілері миға еніп дамыған көпіршік санына, олардың орналасуына байланысты болады. Алғашқыда қоздырушы жұққаннан кейінгі күйзелу, тісін қайрау, шошыну белгілері бәсеңдеп, қойдың күйі жақсарғандай болады. Кейіннен қойдың кенеттен тұрып қалуы, отардан тыс қалып немесе бетімен қашып кетуі, сүріну, жығылу, ал көпшілігінде оң не солға қарай айналуы немесе басын қабырғаға оттыққа тіреуі, я болмаса басын қақырайтып артқа құлауы байқалады. Ауру соңында жүру қабілетінен айырылған мал жатып қалады, арықтайды. Азық қабылдамауына сәйкес арып өледі.

Ауруды анықтау сыртқы белгілері айқын байқалғанда қиындық туғызбайды. Сонымен бірге бас сүйегін сипап тексеру (кейде баста көпіршік орналасқан жерінің сүйегі жұқарады) мәнді деректер береді.

Дауалау және емі. Ауру қоздырушысын ауылдағы бұралқы, иесіз иттер тартатындықтан, олады ату, жою, отардағы күзет иттерін ай сайын дәрілеу, ауырып өлген қойдың басын далаға тасамай, өртеу немесе арнайы апанға тасату. Ценуроздың емі тек хирургиялық жолмен (көпіршікті бас сүйегін тесіп сорып алу) жүргізілетіндіктен, тиімсіз.

Жануарлардың эхинококкозы (беріш)- аралық иелерінің бауыр және өкпесін, бұдан сирек басқа мүшелерін балаңқұрттың көпіршікті қабындыруымен сипатталып, созылмалы түрде өтетін ауруы.

Эхинококкозға қой, ірі қара, ешкі, түйе, бұғы, жылқы және доңыз бейім. Ауру адамға өте қауіпті. Құрттың ересек сатысы ит және ит тектестердің аш ішегінің алдыңғы бөлігінде тоғышарлық күнелтеді (ұзындығы 0,5-0,6 см, мөлтек, ақшл түсті).

Аурудың сыртқы белгілері жұмыртқамен ластанған азық суды қабылдаған малда алғашқыда белгілері білінбейді. Малда бағып-күтудегі олқылықтр, ағзаға енген ларвоциста санының көп болуы мал өнімінің (сүт, жүн, т.б.) құрт азаюына, өкпе қабынса – жөтел, демікпе, аузын ашып дем алу,

бауырда көпіршік орналасса- малдың ауырсынуы белгілерімен байқалады. Қоңы жақсы малда ауру әдетте белгілерсіз өтеді.

Ауруды анықтау. Тек сыртқы белгілеріне қарай диагноз қою мүмкін емес. Соңғы жылдары Казони реакциясы (тері ішіне аллерген жіберу) және қан сарысуын зерттеу тәсілдері арқылы ғана қол жеткізілуде.

Дауалау және емі. Дауалау шаралары ценуроздағыдай. Тек сойыс малында қабынған ішкі мүшелерін міндетті түрде залалсыздайды. Ауыру малды емдемей етке жібереді.

Қой цистицеркозы- немесе жылауық шажырқайда немесе бауыр үстінде балаңқұрт сатысындағы көпіршіктің дамуымен сипатталатын инвазиялық ауру. Қойда – жиі, ешкі, түйеде- сиректеу кездеседі. Құрттың ересегі иттің жіңішке ішегінде (ұзындығы 3м-ге дейін) паразит түрінде мекедейді.

Аурудың сыртқы белгілері. Ауру ауруға шалдыққан малда, әсіресе, қозыларда, алғашқыда балаңқұрттардың (ларвоциста) шектен тыс көп мөлшерде енгенінде ғана: күйзелу, азықтан бас тарту, тышқақ тию, салмағы азаюы және арықтауымен сипатталады. Кейіннен ауру созылмалы ағымына көшіп, белгілері мүлдем байқалмайды.

Ауруды балау тірі ауру малда өте қиын. Соңғы жылдары ұсынылған аллерген (анықтағыш препарат) сирек қолданыс табуда.

Дауалау және емі. Ит сияқты етқоректілер ауру көзі болғандықтан, атқарылатын шаралар кешені қой айналмасы ауруына қолданылатын шаралармен бірдей. Емі жоқ.

Жануарларда таспа құрттар тудыратн басқа аурулар.

Күйістілердің мониезиозы- аш ішекте таспа құрттың тоғышарлығынан тышқақ тию, малдың әлсізденуі және шығынымен сипатталатын инвазиялық ауру. Күйістілерге ауру қоздырушысы өрісте , балаңқұрттармен залалданған сауытты кенелерде (орибатид кенесі) азықпен жұтқанда жұғады. Жиі түрде ауруға жас төлдер бейім. Тоғышар қойдың аш ішегінде мекендегенде ұзындығы 4-10м-ге дейін жетеді.

Аурудың сыртқы белгілері қозы, бұзау, тақ, т.б. төлдерде күйзелу, іш өту , құмалағы сұйылып кілегеймен аралас және жағымсыз иісті болу белгілерімен байқалады. Ауру мал арып, отар табыннан қалып қояды.

Ішектегі құрттар байланып кейде азық жүрмейді. Бұл жағдайда орталық жүйке жүйесінің қабынуы (теңселіп жүру, денесінің дірілдеуі) және түйнеуі малдың аяқ астынан құлап тыпырлауымен, ал көмек болмағанда өлімімен аяқталады.

Ауруды анықтау ауыл жағдайында төмендегідей түрде жүргізіледі. Таңертеңгілікте қора , қоршаудан мал өріске шығарылғаннан кейін малдың қиы таспа құрттың бунақтарына мұқият тексеріледі (ақшыл сары түсті, жұқа бөліктері кейде қимылдайды). Арнайы зерттеулерден әдетте малдың нәжісін құрт жұмыртқаларына тексеру қолданылады.

Дауалау және емі. Төлдерді неғұрлым ересек малдан бөлек бағу, оларға таза , бұрын – соңды ересек мал бағылмаған жайылымдарды бөлу аурудың алдын алуға көп септігін тигізеді. Егер жайылым көлемі аз болса, өрістегі

барлық қой , ешкілерге солтүстікте мамырдан, оңтүстікте сәуірден бастап, мал қораға тұрғанға дейін мыс купоросын, фенотиазин тұз қоспасын (1:9:90 арақатынасында) ағаш астаулардан беру керек. Ауру байқалған отарда фенсал, фендег, фенапэг препараттарының бірімен қажетті дозада дәрілеу жұмыстары жүргізіледі.

Жұмыр құрттардың (нематода) тудырған ауруларын нематодоздар деп атайды. Бұл топқа алты туысқа жататын өкілдердің ветеринарлық маңызы бар. Аталған туыстардың көпшілігі ас қорыту (аскаридата, стронгилята, трохицефалата, оксиурата), тыныс алу (диктиокаулиде, цистокаулиде, т.б.) жүйелерінде мекендесе, кейбір жұмыр құрттардың түрлері көзде (телязий), бүйректе (диоктофима), құрсақ қуысында (сетарий), сіңір мен тарамыста (онхоцерка, драшея) тоғышарлық тіршілік етеді.

Аскаридатоздар деп үй жануарларының, етқоректілердің, құстардың аш (жіңішке) ішегінде ұзындау келген жұмыр (жылан) құрттың тоғышарлығынан туындаған аурулар тобын айтады. Қоздырушылардың ұзындығы 37-40 см-ге дейін болады. Жылқыда ауруды – параскарис, доңызда – аскарис, бұзауда – неоаскарис, ит пен мысықта –токсакара және токсакарис, тауықта – аскаридиа қоздырушылары тудырады. Көп мөлшерде кездескенде мал азып, салмақ қоспайды, біршамасы өледі.

Аурудың сыртқы белгілері. Азықтандыру, бағып-күтудегі олқылықтар болса, тыныс алу жүйесінің қабынуымен басталады да, жөтел, мұрнынан сорабы ағуы, тыныс алуы және жүрек соғуы жиілеуі, дене қызуы жоғарылауы, бронхы мен өкпе қабынуы түрінде байқалады. 3-4 апта өткенде асқорыту қызметі бұзылады. Осыған орай малға тышқак тиеді, ауру мал арықтап, қоңы төмендейді. Ауруға көпшілігінде жануарлардың жас төлдері, күшіктері және балапандары бейім болуына сәйкес шығын байқалады. Ересек жануарларда ауру негізінен сыртқы белгілерінсіз өтеді.

Ауруды тексеру. Дер кезінде анықтау үшін ауру мал құстың нәтижесін я болмаса саңғырығын тік ішектен алып, зертханалық жағдайда құрт жұмыртқасына тексереді. Ондай жағдай болмағанда бір-екі мал-құсты арнайы емдік дәрілермен дәрілеп, бір тәулік өтісімен қиын немесе саңғырығын қарау арқылы растауға болады.

Ас қорыту жүйесінің стронгилятоздары ауқымы бірнеше миллиметрден бірнеше сантиметрге жететін жұмыр құрттардың ықпалынан болған аурулар. Бұл ауру қоздырушыларының балаңқұрттарына жіңішке және тоқ ішектің кілегей және сірқабықтарда, шажырқай мен ішек қан тамырларында, ал ересектері тек ас қорыту жүйесінің өзінде тоғышарлық күнелтеді. Стронгилятоздар жануарлар арасында кең таралған.

Аурудың сыртқы белгілері сан алуан болып байқалады. Ағзаны жайлаған балаңқұрттардың саны көп болғанда көзге көрінетін кілегей қабықтары (ауыз және танау қуысы, көздің) бозарып, ауру малда демікпе байқалады. Жылқыда іш түйнеу түрінде өтіп, дамылсыз аунап, ішін тепкілейді, кейде өліп кетеді. Балаңқұрттар ересек сатысына дейін жетілгенде ауру белгілері өшкін түріне ауады. Ауру малдың қоңы төмендеп, арықтайды, азыққа төбеті нашарлайды.

Ауруды анықтау. Аскаридатоздарды анықтау тәсілімен жүргізіледі. Сонымен бірге стронгиляталардың түрін анықтау үшін алынған нәжістің бір бөлігін жылы температурада (термостатта), жұмыртқадан балаңқұрт дамығанша ұстайды да, кейіннен, микроскоп көмегімен ішек торшаларының санына, пішініне қарай жүргізеді. Немесе сойыс малының аш және тоқ ішектерінен табылса, аурудың расталғаны болады.

Ас қорыту жүйесіндегі жұмыр құрттардың тудырған ауруларын емдеу. Ем жұмыстарын жүргізу (дәрілеу) екі жолмен атқарылады. Мал басы аз болса, дәрілеу тиімділігін жоғарылату мақсатында антгельминт препараттарының дозасын есептеп әр малға жеке аузынан берген дұрыс. Шаруа қожалықтарында мал саны көп болса, малдың орташа салмағын есептеп, уақталған жемге дәріні қосып ұқыптап аралыстарған соң астауға салынады да, дәріленетін мал 40-50 бастан жіберіледі.

Қазіргі уақытта кеңінен қолданыста жүрген антигельминттердің: панакур, мебенвет, камбендазол, фенбендазол түрлері (әр 100 кг тірі салмағына 5-7 г) қолданылады. Тиімділігі өте жоғары препараттардың құрамына: ивомек, баймақ, абимек, аверсект (фармазин), т.б. (дозасы әр 50кг тірі салмағына 3мл) жатады. Сыртқы ортаны ауру қоздырушыларымен ластамау ретінде, біріншіден, дәрілеу жұмыстары арнайы бір орында жүргізіледі, екіншіден, бір-екі тәулік бойы осы орында мал ұсталынады.

Дауалаудың бірден-бір жолы – бұл мал, құстың қиын уақтылы арнайы ки қоймаға жинап, көңге айналғанша ұстау. Сырттан әкелінген малды тексерістен өткізіп, ауру анықталса – дәрілеу. Жас төлдерді мейлінше таза, ересек мал бағылмаған ауыспалы, екпелі шөбі бар жайылымдарда бағу.

Жануарлардың тыныс алу жүйесі гельминтоздары – өкпе және оның бронхыларында құрттардың мекендеуінен туындап, кілегей қабықтарының бозаруы, жөтел, демікпе белгілерімен байқалатын аурулары. Қазақстанның әр облыстарында қой, ешкілер арасында диктиокаулез, протостронгилез, мюллериоз түрлері кеңінен кездеседі. Қоздырушылар ұзындығы 3-12 см-дей, ақшылт сары, сүт түстес.

Аурудың сыртқы белгілері. Қоздырушымен жылы уақытта залалданған малда алғашқыда жөтел пайда болып, дерттенген малдың жүрген кезінде немесе мал қорының есігін таңертеңгілікте ашқанда күшейе түседі. Мұрнынан аққан қоймалжың сұйықтық танау маңайына қатып, тыныс алуын қиындатады. Ауру мал тынышсызданады, танауын жерге үйкеп, пысқырады. Ағзадағы тоқыру прцестерінің үдеуіне байланысты жақ асты кеңістігінде, ерін, қабақ және кеуде тұсында жалқаяқтанған ісіктер пайда болады. Жүрек соғуы баяулап, кейде іш өтеді. Ауырған мал азып әлсізденеді. Емдік шара қолданылмағанда малдың өлімімен аяқталады.

Ауруды балау жыл мезгіліне, малдың жасын, сыртқы белгілеріне сүйене жүргізіліп, міндетті түрде зертханалық зерттеу нәтижесіне қарай бағаланады. Тек, құрттардың ықпалынан туындаған пневмонияда, мал нәжісінде гельминттердің дернәсілдері табылуы шарт.

Даулау және емі. Аурудың алдын алу мақсатында жазғы жайылымға шыққан қойға арнайы дайындалған фенотиазин тұз қоспасын (1:9) ағаш

астауларға салып күнбе-күн беріп отыру, шөбу қалың, ылғалы көп шық түсетін жерлерде қойды күн көтерілгенше бақпау, күзде малды қораға қояр алдында емдік дәрілеу, т.б. ветеринарлық жұмыстары жүргізіледі. Ауру байқалғанда нилверм, мебендазол, дитразин, локсуран, дивезид немесе ивомек препараттарының бірін қолдану ережесін ескере отырып дәрілейді.

Ірі қараның ноғаласы (телязиоз) – көзде ұзындығы 1-2 см 1-2 см жіңішке, ақшыл түсті жұмыр құрттың тоғышарлығынан ақ түсіп, малдың көру қабілетінің нашарлауымен сипатталатын ауру. Ауруға ірі қараның барлық жастығылары ұшырайды, алайда жас мал жиі бейімділік танытады. Ауру малдан сау малға қоздырушыны сиырдың қара шыбыны таратады.

Аурудың сыртқы белгілері. Сыртқы ортаның температурасының көтерілуі шыбындардың қаулап өсіп-өнуіне әкеліп соғады. Ауру бастапқыда ірі қара көзінің қызаруы, жас ағуы, қабағының ісінуімен сипатталады. Көздің жасағарындағы тоғышардың тірі туған дернәсілдері көзжасымен бірге сыртқа бөлінеді. Көз жасымен қоректенген шыбын балаңқұртты келесі малға жұқтырады. Ауруға шалдыққан малды көзі жасаурап, қызарып, қанталайды. Кейіннен ақ түсіп, көзі іріндейді де, мүлдем ашылудан қалады. Ауру асқынған жағдайда көзі ағып (панопфальмия) түсіп қалады. Дерттенген мал арықтап, сүті кемиді.

Ауруды балау үшін өткен жазда дерттенген мал басын күз-қыста тексерістен өткізіп, диагнозды растайды. Зерттей отыра балаңқұрттарға тексереді.

Даулау және емі. Ноғаланың алдын алу жолдры күрделі кешенді шараларды (мал қорада тұрған кездегі дитразин цитратпен екі мәрте тері астына егу, өрістегі малдың тері жамылғысын күнде инсектоакарицид заттармен бүрку, шыбындарды жолатпайтын құлағына немесе мойына иісті (репеллент) заттар қосылған жеке пластмасс номерлер немесе қарғыбаулар тағу) қамтиды.

Емдеу жасаурап ақ түскен көзді 3%-дық бор қышқылының, 3%-дық лизол я болмаса 3%-дық ихтиол эмульсияларының бірімен шайып, арнайы сүртпе майларды қолданумен шектеледі.

Жануарлардың трихинеллезі – жіті және созылмалы түрде өтіп, трихинелла жұмыр құртының ересек сатысы жіңішке ішекте, ал балаңқұрты көлденең жолақты бұлшық етте тоғышар ретінде күнелтетін аса қауіпті инвазиялық ауру. Қоздырушы бір немесе екі иелі, яғни кейде бір жануардың ағзасында ересегі де, балаңқұрты да дамыса (шршқа), басқа жағдайларда екі иеде (шошқа-адам, шошқа-тышқан) дамуы байқалады. Адамда ауру толық емделмейді, жиі оның өлімімен аяқталады.

Аурудың сыртқы белгілері әдетте адам және жануар ағзасына шикі немесе толық пісірілмеген етпен, қорада өлген тышқандарды шошқа жегенде, т.б. жолдармен енген балаңқұрт аллергия туғызады. Дертке шалдыққанның дене қызуы көтеріліп, іші өтеді, кейде локсиды, қоңы төмендейді. Балаңқұрттар диафрагманың ұзарып қабырғаның сір қабығына бекінген жерінде, тіл, өңеш, көмей, қабырғааралық және төс бұлшық еттерін жайлағанда мал ауырсынады, ұзақ сирақтарын созып жатып алады. Ауру

малдың тынысы тарылып, қан тоқырауыннан қабағы мен сирақтары домбығады.

Ауруды балау үшін арнайы трихинеллоскопия (балаңқұрттардың жоғарыда аталған жерлерде орнығуын ескере отырып, сол бұлшық еттерді екі компрессориум-шыны астына жаншып тексеру) тәсілі қолданылады. Тірі малда аллергиялық және серологиялық әдістердің көмегімен анықтайды.

Дауалау. Етқоректілерге, шошқаға азық ретінде берілетін ет өнімдері міндетті түрде пісірілген болуы шарт. Фермаларда кеміргіштерді жою шараларына назар аудару, бұралқы ит-мысықтарды ферма маңайына жолатпау жолдары қарастырылады.

Әдебиеттер:

1. Жоғарыға көтеріліңіз↑ «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл, I том
2. www.ksu.edu.kz/files/TB/book/vet/zhanuarlardy_invaziyaly_aurulary3.pdf
3. https://inside.wksu.kz/dmdocuments/Зоология_экология_негіздерімен.pdf
4. Дәуітбаева К.Ә. Омыртқасыздар зоологиясы. 1-кітап - 2-кітап 2004ж
5. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Құрттар>
6. Зоология институтының 75-жылдығына арналған кітап. Алматы, 2007

АДАМДАРДА АУРУ ТУДЫРУШЫ БАЛЫҚ ПАРАЗИТТЕРІ

Төлеген Алтынай Амантайқызы - магистран
Жақсыбаев Мурат Бөдеұлы - б.ғ.к.қауым. профессор

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіні

Елімізде балық шаруашылығы экономикамыздың 0,5%-ын ғана құрайды. Балық шаруашылығы жыл өткен сайын дамып келе жатса да, мемлекет тарапынан қолдау қажет. Балық шаруашылығы және оның дамуының Қазақстан үшін маңызы жоғары. Біріншіден, еліміз «тоғызыншы территория» теңіздер мен мұхиттарға шыға алмайды. Екіншіден, біздегі балық еті елімізде ғана емес, шетелде де үлкен сұранысқа ие. Мәселен, балық экспорттайтын шаруашылықтар бүгінде 3 миллион гектар жерді пайдаланады. Үшіншіден, балық еті – адам денсаулығына пайдалы, әрі одан жасалатын өнімнен де түсім мол.

Балық – адам үшін қажетті белокқа бай тағам көзі. Оның еті, уылдырығы, ал кейбір түрінің терісі де пайдаланылады, олардан балық майы алынады. Ішінде улы түрлері де кездеседі. Балық аулау шаруашылығы ертеден белгілі, дегенмен оның шарықтау биігі ХХ ғасырдың 70-жылдарына тура келеді. Осыған байланысты кейбір кәсіптік маңызы зор балықтың санын азайтпау үшін олардың табиғи көбеюіне қосымша әр түрлі қолдан өсіру әдістері жасалады. Саны өте азайып кеткен, айрықша қорғауға алынған балық түрлері мен түр тармақтары халықаралық және ұлттық «Қызыл кітапқа» енгізілген (мысалы, ақ балық, нельма, Арал албырты, Арал бекіресі, Каспий албырты, көкбас, т.б.). Ғылыми мақсат үшін кейбір балықтарды лабораторияда өсіреді. Балықты аквариумда өсіру де кең өріс алуда.

Республиканың балық шаруашылығының негізін су айдындарының балық шаруашылығы қоры құрайды, оның құрамына жалпы ауданы 3 млн. га астам болатын Каспий және Арал теңіздері су айдындарының, Балқаш көлінің, Бұқтырма, Қапшағай, Шардара су қоймасының, Алакөл көлдер жүйесінің және басқа да су айдындарының едәуір бөлігі кіреді. Су айдындарында балықтардың 100-ден астам түрі мекендейді, оның ішінде коммерциялық тұрғыдан алғанда ең бағалы балықтар: көксерке, сазан, ақ амур, дөңмандай, табан балық, қаракөз болып табылады.

Балықтардың паразиттері және олар тудыратын аурулар жайында ғылыми мәліметтер ертеден жиналған. Алғаш тұқы балықтарының ауруы туралы (тұқы оспасы) К.Геснер (1563 ж.) еңбегінде көрсетілген. Балықтардың кейбір паразиттері К.Линнейдің (1758 ж.) әйгілі «Табиғат жүйесінде» де енгізілген. Еуропа елдерінде балық шаруашылығы дамуымен қатар ихтиопатологияның дамуына да қарқын пайда болды. Нәтижесінде ХХ ғасырда ихтиопатологияның ғылым ретінде қалыптасуы неміс ғалымы Б.Хофердің (1904) тұңғыш рет басылған «Руководство по болезням рыб» еңбегінен басталды. Оның жалғасы ретінде М.Пленнің балықтардың мүшелерінің аурулары жөнінде, В.Шеперклаус, Е.Амлахер және Г.Рейхенбах-Клинкенің бірнеше кітаптары, анықтамалары және нұсқаулықтары жарық көрді. Р.Эргенс пен И.Лан балықтардың паразиттерінің анықтауышын шығарды. Ф.Вольф пен И.Гавелка тұңғыш рет балықтардың ауруларына қарсы медикоментозды препараттарды қолданды.

Қапшағай су қоймасы 1970 жылы құрылған. Ол ірі су қоймалардың қатарына жатады. Су жиналу көлемі 113 мың шаршы км, су қойманың ұзындығы 100-105 км, максималды тереңдігі 40 м, су қойманың тереңдіктері ассимметриялы. Судың тереңдеу бөлігі оң жақ жағалау болып табылады. Су қойманың жағалау бөлігінде күшті бағытты жел байқалады. Судың толуы мамыр айының аяғы мен тамыз айының аяғына дейін созылады. Интенсивті өңдеу қыста СЭС-тан электр энергиясын беруге қажеттілік туғанда жүзеге асады. Жалпы деңгейлік режимі балық өндіруге қолайсыз, өйткені мәліметтерден су қоймаларының ішіндегі пестицидтердің орналасуы локальды екенін көбінесе Іле, Шелек, Есік, Қаскелең өзендерінің сол ағыстарының әсер ететіндігінен байқауға болады.

